

АНЫҚТАМАЛЫҚ КІТАПША

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ
7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН



«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
Нұр-Сұлтан
2022

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ

АНЫҚТАМАЛЫҚ КІТАПША

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ
7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН



«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
Нұр-Сұлтан
2022

371(035)
74.24я2
A68

Авторлары:

Аманова Ж.Ш., Алтаев Ж.Т., Ағаділ А.Т., Ақижанова Ж.Ж., Хамза Ф.М.
О. Можаеваның редакциялауымен

Аударғандар:

Айдынәлиева Э.М., Муканова С.С., Мухтарханова Г.Т.

Анықтамалықты әзірлеу барысында Қарағанды және Талдықорған қалалары Зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған нұсқаулықтардың материалдары пайдаланылды.

A68 Назарбаев зияткерлік мектептері 7 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған анықтамалық кітапша – Нұр-Сұлтан, 2022. – 56 б.

ISBN 978-601-328-972-4

371(035)
74.24я2

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ, 2022

Мазмұны

Кіріспе	5
1 тарау. Ата-аналармен ынтымақтастық	6
– «Тату отбасы» бағдарламасы - «Тату отбасы» бағдарламасы	7
– Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын-алу бағдарламасы	8
– Ата-аналарға арналған вебинарлар	10
– Ата-аналар университеті	11
2 тарау. Мектептің білім беру моделі	12
– Халықаралық Бакалавриат (IB)	12
– NIS-Programme	13
– Үштілді білім беру моделі	16
– Топтасып білім беру «TEAM TEACHING»	17
3 тарау. Бағалау жүйесінің құрылымы	18
– Қалыптастыруши және қорытынды бағалау	19
– Сыртқы жиынтық бағалау	20
– Негізгі мектептің емтихан пәндері	20
– Жоғары мектептің емтихан пәндері	21
4 тарау. Мектептің тәрбие жүйесі	22
– Кураторлық қызмет	24
– «Шаңырақ» оқушылар бірлестігі	26
– Жазғы әлеуметтік тәжірибелер	27
– Мектеп дәстүрлері	28
– Қосымша білім беру	29
– Олимпиадалар	30
– Ғылыми-зерттеу қызметі	30
– Элективтік курстар	30
– Желілік жобалар	31
– Оқушылардың өзін-өзі басқаруы	34
– «Тұған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициясы	34
– Еңбек тәрбиесі	35

– Оқушылар клубтары	35
– Оқушылардың өзін-өзі басқаруы бойынша Көшбасшылар форумы	36
– Қоғамға қызмет ету әлеуметтік жобалары.....	37
5 тарау. Оқушыларға кәсіби бағдар беру.....	39
6 тарау. Мектеп кітапханасы	40
7 тарау. Жатақхана	43
8 тарау. Ұнталандыру саясаты.....	44
9 тарау. Оқушылардың тәртібі ережесі.....	45
10 тарау. Гранттан айырылу тәртібі	47
11 тарау. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері	48
12 тарау. Оқушыларды қолдау әдістері	50
13 тарау. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері	52
Қорытынды	54
Ұсынылатын нормативтік актілер/әдебиеттер тізімі	55

Kіріспе

Құрметті ата-аналар!

Сіздерді және балаларыңызды Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуперізбен құттықтаймыз!

Зияткерлік мектептер 10 жылдан аса уақыттан бері жоғары білімді, қазіргі заманның барлық талаптарына сай келетін түлектерді өзірлеп келеді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде білім беру NIS-Programme және халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Қазақстанның және халықтаралық үздік тәжірибеге негізделген NIS-Programme оқыту бағдарламасы жаратылыстану-математика пәндерін терең оқытуға бағытталған. NIS-Programme оқыту бағдарламасы халықаралық деңгейде мойындалған, мәселен 2017 жылы Ұлыбританияның UK NARIC білім күелігін тану жөніндегі ұлттық ақпарат орталығы NIS-Programme бағдарламасының мазмұны Австралия, Жаңа Зеландия, Қытай, Гонконг, Жапония, Еуропалық Одақ елдері, Канада, АҚШ және т.б. елдердің көптеген жоғары оқу орындарымен танылған GCE A-Level деңгейіне сәйкес екенін растады.

GCE A-Level бағдарламасының түлектері ешқандай қосымша емтихан тапсырмастан және университетке дайындастырын Foundation курсын оқымастан жоғары оқу орнына түсе алады.

Зияткерлік мектептердің қорытындысы қазақстанның жоғары оқу орындары тарарапынан да мойындалады. Қазіргі таңда Зияткерлік мектептердің түлектерінің Қазақстанның жоғары оқу орнына екінші курстан қабылдануға мүмкіндіктері бар.

2010 жылдан бері Зияткерлік мектептерден 12271 түлек түлеп ұшты. Түлектердің басым бөлігі (60% астамы) Қазақстанның жоғары оқу орындарына туседі, 22% Назарбаев Университетінде, қалғандары шетелдік оқу орындарында білім алуша. 9 түлек американдық элиталық университеттерінде білім алғып жатса, 2019-2020 оқу жылында тағы 3 түлегіміз аталған маңызды оғу орындарынан шақырту алды. Сондай-ақ, жыл сайын біздің түлектердің әлемдік үздік 100 жоғары оқу орнына көптеп түсіп жатқанын байқауға болады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ұжымы әр балаға ерекше ықыласпен қарап, оларға қамқоршы бола отырып, білім беру мен тәрбиелеудің әдістері мен технологияларын үнемі жетілдіріп отырады.

Біз оқу процесsei тек қызықты және танымды болып қана қоймай, сонымен қатар барынша жайлы және қауіпсіз болғанын қалаймыз. Осы бағытта педагогтармен бірлесе отырып, Сіздерге, яғни біздің оқушылардың ата-аналарына да айтартықтай көңіл бөлеміз.

Сіздерден біздің ішкі ережелерімізбен, нормативтік құжаттарымызбен, сонымен қатар білім беру қызметтерін көрсету келісім-шартымен танысып, ата-аналар жиналыстарына және ата-аналарға арнайы әзірленген семинарлаға, вебинарлар мен басқа да оқыту бағдарламаларына қатысуларыңызды сұраймыз. Себебі осы ұйымдастырылып жатқан жұмыстар нәтижесінде біздің балаларымыз мектепке ерекше ынтымен, қуанышпен келіп, біздің ортамыздан бақыт табатын болады.

Назарбаев зияткерлік мектептері ата-аналарының қауымдастырына қош келдіңіздер, біздің ынтымағы жарасқан, жарасымды шаңырағымызға басқан қадамдарыңыз құтты болсын!

1 ТАРАУ. Ата-аналармен ынтымақтастық – баянды білім алудың басты шарты

Ата-аналармен жұмыс жасаудағы негізгі мақсат:

Ата-аналарды бала тәрбиесіне тарту, бірлескен жұмыстар жүргізіп, ата-ана мен бала және мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Ата-аналар не себепті оқыту-тәрбие беру ісіне қатысуы керек?

Отбасы тәрбие берудегі ұжым ретінде бірқатар өзіндік қасиеттерге ие. Ең алдымен, отбасы тек ортақ мақсатты іске асыру үшін жиналған адамдар тобы ғана емес, сонымен бірге қаны бір туыс адамдардың бірлестігі. Ата-ананың сезімі, олардың махаббаты бала мен тұлғаның дамуына әсер ететін тылсым күш.

Бала өмірі екі негізгі ортадан тұрады: мектеп және жанұя. Олар осы екі ортада есей-іп, өзгеріп, дамып отырады. Қазіргі құбылмалы қоғамда басқа байлықтармен қатар отбасылық құндылықтар да әлсіреп, демографиялық проблемалардың біріне айналды. Сондықтан да қазіргі кезеңнің негізгі әрі маңызды мәселелерінің бірі отбасы мен мектептің қарым-қатынасын арттыру.

Мектеп пен отбасының қарым-қатынасы – бұл ең алдымен мұғалім мен ата-ананың байланысы, яки олардың ортақ міндеттерді іске асыру барысындағы қатынасы. Оның нәтижесінде екі жақ, ең маңыздысы балалар дамиды. Демек, мектеп пен отбасының ынтымақтастығы – дамудың қайнар көзі және таптырmas тетігі.

Адамзаттың ұлы ұстазы Мария Монтессори «әрбір мұғалім ата-ана бола бермейді, бірақ әрбір ата-ана мұғалім болуы міндетті» деп жазған болатын. Біздің басты мақсатымыз ата-аналарды біздің оқушылардың, яғни олардың өз балаларының тәрбиесін түзеу ісіне тарту, оларға педагогикалық-ата-аналық машықты игерту, сол арқылы өзіміздің болашағымыз үшін білімді, мәдениетті және зияткер ұрпақ тәрбиелеу.

Ата-аналарға арналған оқыту бағдарламалары

Назарбаев Зияткерлік мектептері ата-аналармен бірлесіп интеллектуальды, мәдениетті және өзіне сенімді оқушылар тәрбиелеу мақсатында тұрақты негізде әртүрлі іс-шаралар өткізіп отырады. Сондай-ақ ата-аналарға арнап, отбасылық байланысты және ата-аналық жауапкершілікті арттыру бағытында оқыту бағдарламаларын үй-ымдастырады.

Ата-аналық жауапкершілік – баланың дамуына, тәрбиесіне қатысты ата-аналық қасиеттердің, сезімнің, білім мен тәжірибелің жиынтығы. Ол саламатты әрі толысқан тұлға қалыптастыру процесінде аса маңызға ие.

Ата-аналық жауапкершілікті сезініп, түсіну үшін – басқа саладағы қызметке дайындалғандай, әзірлітен өтіп, білім жинақтау қажет. Бұл бағытта, әрине, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу керек болады. Өздеріңіз білетіндей, отбасын сырттан ешкім басқара алмайды, ешкім жетекшілік етпейді. Десе де, отасын сүйемелдеп, оған көмектесуге болады, әрі ол қажет дүние. Ешқандай әке де, шеше де бала тәрбиесіне қатысты проблемалық мәселелерін шешу барысында жоғары сапалы психологиялық көмектен бас тартпайды.

«Тату отбасы» бағдарламасы

Мақсаты: Мектеп пен отбасының қарым-қатынасын жақсартуға жағдай жасау, жасөспірімдер тәрбиесіне кері әсер ететін факторлардың алдын-алып, отбасылық бала тәрбиелеуді педагогикалық түрғыдан сүйемелдеу.

Міндеттер:

- жасөспірімдер тәрбиесіне кері әсер ететін отбасылық факторлардың санын азайту;
- ата-аналарды/қамқоршыларды қолдау және ата-аналық позицияны нығайту;
- мектептегі және отбасындағы туындастырын күнделікті стресссті азайту.

«Тату отбасы 10-14» (SFP10-14) бағдарламасы отбасылық құндылықтарды дәріптейтін DVD-видео материалға негізделген 7 сабактан тұрады. Бағдарлама балалардың сау-саламаттылығын нығайтуға, болашақта кездесетін теріс жағдайлардың алдын-алуға, әртүрлі келеңсіздіктердің алдын алып, 10-14 жастағы балалар тәрбиесі мәселелерінде қорғаныс факторларын дамытуға арналған.

«Тату отбасы 10-14» бағдарламасы:

- Ата-аналарға өздерінің ата-аналық міндеттерін орындауға жағдай жасайды;
- Баланың тиісті өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың міндеттерін арттырады;
- Отбасындағы психологиялық жайлышты арттырып, ата-аналардың отбасында сау-саламатты бала тәрбиелеуге деген ынтасын арттырады;
- Отбасылық құндылықтарды сіндіруге мүмкіндік береді.

«Тату отбасы 10-14» бағдарламасына тәмендегідей:

- Ата-аналарға/қамқоршыларға өз балаларын қолдап отыруды үйрету;
- Ата-аналарға/қамқоршыларға балалардың күн тәртібін бұзбай, олардың тәрбиесімен айналысуға көмектесу;
- Балалардың болашаққа деген сенімін арттырып, олардың ата-анасымен/қамқоршысымен жақсы қарым-қатынас орнатуына жол ашу;
- Жасөспірімдерді күйзеліспен құресуге және құрдастары тарарапынан болатын қысымды женіп шығуға тәрбиелеу тақырыптарындағы арнайы тапсырмалар енгізілген.



Сабақ тақырыптары:

1-сабақ: «Махабbat пен шектеуді» қолдану
2-сабақ: Отбасылық құндылықтар мен ережелер

3-сабақ: Жақсы тәртіпті/қылышты марапаттау

4-сабақ: Жазалау

5-сабақ: Берік байланыс орнату

6-сабақ: Алкогольден сақтану

7-сабақ: Қорытынды сабак.

«Тату отбасы 10-14» бағдарламасы Зияткерлік мектептерде 7-сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен жүргізіледі.

Жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жүмсаудың алдын-алу бағдарламасы

Бағдарлама жасөспірімдердің психологиялық саулығын жақсартуға және 3 түрлі шара қолдану арқылы деструктивті/аутодеструктивті қылыштардың алдын-алуға бағытталған. Аталған іс-шаралар:

1. Мектеп қызыметшілерін оқыту (өз-өзіне қол жүмсаудың «кезекшілерін» оқыту);
2. Оқушылардың психикалық саулық туралы танымды арттыру бағдарламасы (8-11 сынып оқушыларымен сабак);
3. Өз болашағын жоятын қылыштар жасап, жоғары тәуекелдегі топқа кіретін оқушыларды анықтау (сауалнама жүргізу арқылы психологиялық диагностика).

Мектеп қызыметшілерін оқыту өз болашағын жоятын қылыштар жасап, жоғары тәуекелдегі топқа кіретін оқушыларды анықтау және оларға қажетті қолдау беру немесе оларды мектеп психологы мен мектеп дәрігеріне жіберу мақсатында жүргізіледі.

Балалар танымын арттыру – 8-11 сынып оқушыларына арналған интерактивті сабактар сериясы мультимодальдық тәсілді білдіреді. Сабактар оқушылардың психикалық саулық туралы танымдарын арттыруға, проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға және қажет жағдайда психологиялық қолдау іздеуді ынталандыруға бағытталған.

Бағдарлама аясында оқушылар сабак мазмұнымен, оның ішінде қайда және кімнен көмек сұрауға болатыны туралы ақпарат жазылған кітапшамен танысады («Өз көңіл-күйіне ие бол және оны жақсарт» деген балаларға арналған кітапша). Дәл осындағы ақпарат мектептің дәліздерінде орналастырылатын плакаттар арқылы да берілетін болады.

Мультимодальдық әдіс



Одан әрі психологиялық стресс және өз-өзіне қол жұмсайтындағы жоғары рискте тұрған оқушыларды анықтау бойынша саулнама толтыру арқылы психологиялық диагностика әдісі жүргізіледі.

Саулнама қорытындысы негізінде эмоциональдық, танымдық және мінез-құлышы тарапынан жоғары маңызды ие болған, белгілі бір шектен асқан оқушыларға мектеп психологиямен алдын-ал әзірленген бағдарлама бойынша жеңіл әңгіме жүргізу ұсынылады. Егер әңгіме жүргізу барысында баланың денсаулығы мен өміріне қауіп туда-рытан жағдайлар байқалып, оған қосымша көмек қажеттігі анықталса, психолог оның ата-анасына мектеп дәрігеріне қаралуға кеңес беріп, одан әрі жергілікті тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау саласының маманына жолдайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Балаға Зияткерлік мектепте оқу барысында жүргізілетін барлық психологиялық диагностикаға оның ата-анасы немесе заңды өкілі бір рет қол қою арқылы келісімін береді. Ол келісім бала Зияткерлік мектепке түскен уақытта «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ заңнамалық-құқықтық құжатына (2013 жылғы 28 тамыздағы Білім беру қызметін ұйымдастыру туралы үлгілік келісім-шарт, 1 қосымша) қол қойылған сәттен басталады.

Жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын-алу бағдарламасы аясында жыл сайын 8-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Жасөспірім шақтағы деструктивті/аутодеструктивті қылыштардың алдын-алу» деген тақырыпта ата-аналар жиналышы ұйымдастырылып отырады.

Ата-аналар жиналышының маңсаты: балалар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудың пайда болу проблемаларын және алдын-алу тәсілдерін анықтау, өз-өзіне қол жұмсаудың негізі болып табылатын көңіл-күйдің бұзылу белгілерін тауып, жасөспірімдерде өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлқының пайда болуына әсер ететін факторларды анықтау және Зияткелік мектептерде өз-өзіне қол жұмсаудың алдын-алуға арналған бағдарламаның бар екендігі туралы хабардар ету.

Ата-аналарға арналған вебинарлар

Мақсаты: Балалардың отбасылық тәрбиесін педагогикалық сүйемелдеуге жағдай жасау.

Бөлім	Ата-аналарға арналған вебинарлардың тақырыптары	Мақсатты топтар/ Оқушылардың ата-аналары
Жасөспірімнің психологиясы	Жасөспірімдік шақтағы ғашықтық. Ғашық болып қалған жасөспіріммен қалай қарым-қатынас орнатуға болады?	8-12 сынып
	Жасөспірімдік шақтағы жыныстық жетілу	8-12 сынып
	Жасөспірімдік мәселелер	7-12 сынып
	Жасөспірімдердің кәсіби тұрғыда өз-өзін анықтау барысындағы ерекшеліктері мен әлеуметтік бейімделудегі қызындықтары	10-12 сынып
	Даралық дағдарысы. Мұмкіндіктедің шегі. «Дене шектеулері»	7-11 сынып
Балалардың денсаулығы	Қызын жасөспірім. Кім ол?	7-12 сынып
	Электронды темекіге деген әуестік несімен қауіпті	9-12 сынып
	Үй жағдайындағы зорлық-зомбылық. Отбасындағы психологиялық зорлық-зомбылықтың түрлері. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың қаупі. Психологиялық денсаулыққа тиғизетін себеп-салдары. Бұл мәселе мемлекет және НЗМ ДББҰ қалай шешіледі	7-12 сынып
	Әлеуметтік желілер. Жасөспірімге төнетін қауіп	7-12 сынып
	Ойындарға деген тәуелділік. Себептері мен салдары	7-12 сынып
	Менің ойымша, менің балам өз-өзіне зақым келтіреді. Мен бұл жағдайда қандай әрекет жасауым керек?	7-12 сынып
	Кибербуллинг- себептері, ұсыныстары	7-12 сынып
	Буллингке қарсы тұру.	7-12 сынып
	Буллинг жағдайларын алдын-алудағы ата-аналардың рөлі мен жауапкершілігі	7-12 сынып
	Отбасындағы жыныстық тәрбие	7-12 сынып
Бір-бірін тыңдай білу	Ерлі-зайыптылардың арасында болатын дау-жанжалдардың көрі салдарынан ба-ланы қорғау	7-12 сынып
	Эмоциональдық тәрбие. Отбасындағы әкенің беделі мен басты рөлі	7-12 сынып
	Сүйіспеншілікті білдірудің 5 тілі. Өз балаңды қалай түсінуге болады.	1-7 сынып
	Жасөспірімдермен болатын ұрыс-керістер мен келеңсіз жағдайлар, оларды болдырмаудың және оларға көмектесудің жолдары	7-12 сынып
	Мен жасөспірімнің ата-анасымын. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас орнатуға және осы қарым-қатынастан қалай рахаттану сезіміне бөленуе болады	7-12 сынып
	Отбасында балаларды мадақтау жен жазалау шараларын қолдану туралы	7-11 сынып
Оқу. Қесіби бағдар	Үнемі баға беру. Бұл жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына қаншалықты әсер етеді?	7-12 сынып
	«НЗМ-гі жол бағыттаушы»	1, 6-7 сынып
	Бір шаңырақ астында. Қашықтықтан оқыту жағдайында ата-аналарға қандай әрекет жасау керек және қандай әрекеттен аулақ болу қажет	1-12 сынып
	Заманауи түлек. Сұрақтар мен жауаптар	11-12 сынып
	Баланың оқуға деген ынталасын қалай ояту қажет?	7-12 сынып
Балалардың емтихандарға дайындалу барысындағы ата-аналардың әрекеттері қандай болу қажет	Балалардың емтихандарға дайындалу барысындағы ата-аналардың әрекеттері қандай болу қажет	7-12 сынып

Күтілетін нәтижелер:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- өз балаларының физикалық және психологиялық денсаулығына деген ата-аналардың жауапкершіліктерін арттыру;
- балалардың оқу үлгерімін қадағалау бойынша ата-аналардың жауапкершілігін арттыру;
- отбасы мен мектептің өзара байланысын арттыру.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық мәдениеті мен құзыреттілігін арттыру үшін «Ата-аналар университеті» білім беру жобасы құрылды. Бұл жоба отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің байланысына мүдделі ата-аналар қауымдастығының өкілдерін, әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді.

Ата-аналар университетінің мақсаты - ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты білімін, сауаттылығын дамыту, ақпараттандыру, ойлау және өзін өзі ұстau, балалармен қарым-қатынас дағыларын дамыту арқылы ата-аналардың жауапты позициясы мен позитивті ата-ана болу дағыларын қалыптастыру.

Ата-аналар университетінде ата-аналарды оқыту бағдарламасы екі компоненттен тұрады: инвариантты (міндettі) және вариативті (ата-аналардың таңдауы бойынша). Бағдарламаның инвариантты компоненті балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін зерттеу модульдерін қамтиды, вариативті компонент ата-аналар үшін маңызды таңдау курстарын (модульдер) ұсынады.

Ата-аналар университетіндегі сабак формалары әртүрлі:

- теориялық семинарлар (баяндамалар, хабарламалар);
- семинар-практикумдар, коуч-сессиялар;
- пікірталас сабактары («дөңгелек үстел», диспут, «проблемалық жекпе-жек», сұхбат-дебаттар және т. б.);
- танымал отандық және шетелдік зерттеушілер мен мамандар өткіzetін вебинарлар мен тренингтер;
- түрлі бағыттағы акциялар мен фестивальдар;
- іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «галстуксіз кездесулер»;
- кинезиологиялық жаттығулар;
- би жаттығулары;
- психогимнастика;
- ата-аналар оқулары, ата-аналар конференциясы;
- білім беру тәжірибесінің, педагогикалық тәжірибелінің, отбасылық тәрбие тәжірибесінің өзекті мәселелерін талқылау;
- консультативтік жұмыс, отбасылық, педагогикалық жағдайларды шешу, өмірлік жағдайларға психологиялық талдау жасау;
- ата-аналар форумы, әкелер форумы, аналар форумы, әжелер форумы, ата-әжелер форумы («Ананың табанының астындағы өмірдің кілті», «Әкеге қарап үл өсер, анаға қарап қыз өсер»)
- отбасылық дәстүрлер («Жеті ата»), тимбилдинг;
- ата-аналар мен балалардың қатысуымен шығармашылық, спорттық, мәдени іс-шаралар (концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрменкелер, көрмелер, флешмобтар, саяхаттар, зерттеу-өлкетану экспедициялары);
- Ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар марафоны; педагогикалық оқулар, практикалық зерттеулер.

2 ТАРАУ. Мектептің білім беру моделі

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ екі білім беру бағдарламасын жүзеге асырады: Халықаралық бакалавриат бағдарламасы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның білім беру бағдарламасы - NIS-Programme.

Халықаралық Бакалавриат (ІВ)

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі Халықаралық Бакалавриаттың (ХБ) Негізгі мектебі бойынша авторизациядан 2015 жылы сәтті өтті. Үздіксіз білім алуға, жоғары сапалы халықаралық білім деңгейіне үмтүлу - дүниежүзіндегі Халықаралық Бакалавриат мектептерінің ұстанатын ортақ пәлсапасы. Мектеп Негізгі мектеп бағдарламасын 12-16 жас аралығындағы

7-10 сынып балаларына оқытуда ұсынады.

Мектеп негізгі мектеп бағдарламасы бойынша келесі пәндерді оқытады:

- Тіл мен әдебиет: қазақ, орыс және ағылшын тілдері
- Тілді меңгерту: қазақ, орыс және ағылшын тілдері
- Математика
- Гуманитарлық пәндер: Қазақстан тарихы және география, дүниежүзі тарихы, әлеуметтік ғылымдар, экономика
- Ғылымдар: Кіріктілген ғылым, биология, физика және химия
- Дизайн: Ақпараттық технология, Компьютерлік ғылым және технология
- Өнер: Бейнелеу өнері және Драма
- Дене шынықтыру және денсаулық сақтау

Дипломдық бағдарлама

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2013 жылдың сәуір айында Дипломдық бағдарлама авторизациясын алды. 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап мектеп аталмыш бағдарлама бойынша оқытуды бастады. Дипломдық бағдарлама 16-18 жас аралығындағы жоғарғы сынып оқушыларын әлемнің үздік университеттеріне түсуге дайындастын әмбебап курс болып табылады. Дипломдық бағдарламаны әлемнің көптеген әйгілі университеттері мойындаиды.Халықаралық Бакалавриаттың

Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасының мақсаты:

- сын түрғысынан ойлау дағдысын дамыту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысын дамыту;
- мәдениетаралық түсіністікі дамыту;
- оқушыларды жеке тұлға ретінде тұтас дамыту;

Дипломдық жұмыстың мазмұны.

Оқу бағдарламасы алты пәндік топтан және үш негізгі компоненттен тұрады: «Кеңейтілген эссе» (EE), Таным теориясы (ТОК), «Шығармашылық, әрекет және қоғамға қызымет ету» (CAS).

Мектеп Дипломдық бағдарлама бойынша келесі пәндерді ұсынады:

- **1 Топ** Тіл мен әдеюиет: Қазақ тілі, Орыс тілі және ағылшын тілі;
- **2 Топ** Тілді меңгерту: Ағылшын;
- **3 Топ.** Қазақстанның қазіргі тарихы, Элемдік тарих, ЖҚАТ (Жаһандық қоғамдастықтағы ақпараттық технологиялар), Экономика, Антропология, География
- **4 Топ:** Физика, Биология, Химия, Информатика
- **5 Топ:** Математика
- **6 Топ:** Өнер, Фильм

Толық ақпаратты Мектептің <https://www.ibo.org/> сайтынан алуға болады.

NIS-Programme білім беру бағдарламасы


Стратегиялық серіктес Кембридж университетінің Халықаралық білім беру саласындағы бағалау кеңесі және жетекші қазақстанның ғалымдар мен ұстаздармен бірлесіп әзірленген NIS-Programme білім беру бағдарламасы оқушылардың іргелі академиялық білімдерін, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған.

NIS-Programme бағдарламасын әзірлеуде ұлттық контексті, Қазақстанның болашақ даму міндеттерін, орта білім беруді дамытудың халықаралық үрдістерін ескеретін кіріктілген тәсіл қолданылды. NIS-Programme жаратылыстану-математикалық пәндерді тереңдетіп оқуға бағытталған қолданбалы бағдарлама болып табылады.

NIS-Programme білім беру бағдарламасы – Қазақстанның зияткерлік бренд (зияткерлік меншік құқығын тіркеу туралы 91 куәлік алынды). 2017 жылдың желтоқсан айында Ұлыбританияның UK NARIC білім куәлігін тану жөніндегі ұлттық ақпарат орталығы NIS-Programme бағдарламасының мазмұны Австралия, Жаңа Зеландия, Қытай, Гонконг, Жапония, Еуропалық Одақ елдері, Канада, АҚШ және т.б. елдердің көптеген жоғары оқу орындарымен танылған GCE A-Level деңгейіне сәйкес еkenін раставды.

Маңызды тұстарына шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті; ұжымда жұмыс істей алатын; түрлі мәдениеттер мен пікірлерді құрметтейтін; жауапкершілік пен белсенді азаматтық ұстаным танытатын; мейірімді және қамқор; өмір бойы үздіксіз білім алуға дайын көптілді коммуникативті тұлғаны тәрбиелеу жатады.

NIS-Programme бағдарламасы заманауи педагогикалық технологияларды, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жетілдірілген моделін, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын бағалау жүйесін, нәтижеге бағытталған оқу үдерісінің модельдерін қамтиды.



Зияткерлік мектептердегі білім берудің құрылымы

Зияткерлік мектептерде оқыту үдерісі білім берудің екі деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады:

- негізгі орта білім беру орта сыныптарда жүзеге асырылады (7-10 сыныптар);
- жалпы орта білім беру жоғары сыныптарда жүзеге асырылады (11-12 сыныптар).

Негізгі мектеп

Негізгі мектептің міндеттері – жоғары сыныптарда оқуды жалғастыру үшін қажетті базалық білім алу; іс-әрекет түрлерін (оқу, жобалау және зерттеу) үйлесімді біріктіру арқылы оқушылардың дербестігін дамыту үшін жаратылыштану-математикалық бағыттағы бейінді оқу түрін тандауға және тұлғалық қасиеттерін дамытуға жағдай жасау.

Нормативтік оқу мерзімі – 4 жыл (7-10 сыныптар). Ұсынылған оқушылардың жасы – 13-16 жас.

Негізгі мектепті бітірген оқушылардың бойында:

- оқуын жоғары сыныптарда жалғастыру үшін қажетті базалық білім мен дағылар;
- зерттеу жүргізу дағдылары;
- шығармашылық және сынни түрфідан ойлау дағдылары;

- ақпараттық-коммуникативтік дағдылар;
- тәжірибелік жұмыстарды үйімдастыру дағдылары;
- академиялық жазылым және таныстырылым дағдылары;
- топта және жеке жұмыс жасау дағдылары қалыптасады.


Жоғары мектеп

Жоғары мектептің оқу бағдарламасының мазмұны әр оқушының жеке білім алу траекториясын құру және оқуға міндетті пәндердің тізімін сақтай отырып бейінді пәндерді оқудағы таңдаулылықты қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Нормативтік оқу мерзімі – 2 жыл (11-12-сыныптар). Ұсынылған оқушылардың жасы – 16-18 жас.

Жоғары мектепті бітіргеннен кейін оқушылардың бойында үздік ұлттық және шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге дайындық; өмір бойы білім алуға, өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге деген құштарлық қалыптасады.

Жоғары мектеп



Жоғары мектепті бітіргеннен кейін оқушылардың бойында:

- қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес жеке оқыту траекториясын құруға дайындық;
- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім алу дағдылары қалыптасады.

Үштілді білім беру моделі

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 2012-2013 оқу жылынан бастап үштілді білім беру моделі енгізілуде.

Үштілді білім берудің мақсаты – үш тілде сөйлей алатын, пәндік білімді сол тілдерде меңгере алатын, әртүрлі салаларда тиімді қарым-қатынас орната алатын, өз ұлтының мәдениетін бағалайтын және басқа ұлттардың мәдениетін түсініп, құрметпен қарайтын көптілді тұлғаны қалыптастыру.

Үштілді білім беру төмендегідей жүзеге асырылады:

- қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жеке пәндер ретінде деңгейлі оқыту;
- тілдік емес пәндерді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту;
- сабақтан тыс жұмыстарды үш тілде үйимдастыру.

Үштілді білім беру моделіне сәйкес Зияткерлік мектептерде келесі пәндер оқыту тіліне қарамастан:

- «Қазақстан тарихы» (7-10 сыныптар), «География» (7-12 сыныптар), «Құқық негіздері» (9 сынып), «Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)» (11-12 сыныптар) қазақ тілінде;
- «Дүние жүзі тарихы» (7-10 сыныптар) және «Информатика» (7-10 сыныптар) орыс тілінде;
- «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «Экономика» және «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» (11-12 сыныптар) ағылшын тілінде оқытылады.

Пәндерді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту қосымша ақпаратқа, дамудың жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізуге, басқа мәдениетті тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Үштілді орта құрылған жағдайда оқушылардың әлеуеті артады, икемділігі, шығармашылық және сынни тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасады, мәдениетаралық ынтымақтастық орнату қабілеті, өзіне және басқаларға деген құрмет сезімі дамиды, тілді үйренуге деген құштарлығы артады.

Топтасып білім беру «Team teaching»

Зияткерлік мектептере үштілді білім беруді іске асыру аясында «Team teaching» деп аталатын топпен білім беру тәжірибесі қолға алынған.

Топтасып білім беру - бұл жалпы мақсаттарға қол жеткізу үшін, яғни оқушылардың білімін арттыру үшін бірігіп жұмыс жасайтын екі мұғалімнің өзара ынтымақтастығы. Оқытушылар балаларға білім беру үшін жайлы орта қалыптастыру және өздерінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру үшін бірлесіп жұмыс жасайды.

Оқытушылар сабакты бірге жоспарлап, бірлесіп оқытады, сабак барысында оқу ресурстарымен бөлісіп, оқушылардың жетістіктерін бірге бағалайды. Сонымен қатар бағалау нәтижелеріне қарай отырып, оқу әдістерін бірлесіп жетілдіріп отырады.

Жергілікті мамандар мен шетелдік оқытушылардың топтық білім беру жүйесі жаратылыстану-математика, ағылшын тілі, экономика пәндері мен 8-12 сыныптардағы жобалық жұмыстарда және бастауыш мектептегі ғаламдық перспективалар сабактарында жүргізіледі.

Топтасып білім беру төмендегідей артықшылықтарды беруі мүмкін:

Оқушыға:

- Оқытуши мен оқушы арасында түсінікті арттырады;
- Кері байланысты уақытында пайдалану мүмкіндігін арттырады;
- Оқушылардың қажеттіліктерін талдау мен оларға қатысты шара қолдану және екі оқытушының сабак жоспарлау нәтижесінде пайда болатын білімді ортада болу;
- Білім беру процесіне көбірек қатысып, көбірек қолдау табу. Бұл оқуға ерекше ынтасы бар оқушы үшін де немесе білім алуда белгілі бір проблемалары бар оқушылар үшін де пайдалы;
- Жоғары деңгейдегі жетістіктер береді.

Оқытушы:

- Жоғары кәсіптік деңгейдегі орта қалыптастыруға;
- Әріптермен бірлесіп, білімдерін арттыруға;
- Оқушылардың қажеттіліктеріне сараптама жүргізіп, оларды тануға;
- Оқушылардан көп кері байланыс алуға;
- Басқа оқытушының оқыту ресурстарын пайдалануға;
- Оқшаулану азайып, жұмыс істеу атмосферасы кеңейтуге;
- Жұмысқа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік алады.

3 ТАРАУ. Бағалау жүйесінің құрылымы

Оқушының оқу жетістіктерін бағалау критериальды бағалау жүйесі арқылы жүргізіледі.

I. Критериальды бағалау дегеніміз не?

Критериалды бағалау – оқушының оқу барысында қол жеткізген нақты жетістіктерін арнағы әзірленген критерийлер негізінде оқудан күтетін нәтижелерімен салыстыру процесі.

II. Критериалды бағалаудың мақсаты қандай?

Әр оқушының болашағы үшін білім алудағы ілгерілеу, тәжірибелі дамыту процесіне педагогикалық қолдау көрсету.

Критериальдық бағалау білім беру мен бағалау арасындағы байланысқа негізделген.

III. Критериальды бағалаудың артықшылықтары қандай?

Оқушылар:

- әр сабакта оқудағы жоспарлы нәтижеге жету үшін не талап етілетінін түсінеді;
- өз оқу жоспарын өзі құрады;
- өзін-өзі бағалауға мүмкіндігі бар;
- оқудағы өз кемшіліктерін мен жетістіктерін талдай алады.

IV. Қандай бағалау түрлері бар?

Мектепте бағалаудың екі түрі қолданылады: қалыптастыруышы және жиынтық.



Қалыптастыруышы бағалау

Қалыптастыруышы бағалау оқу үдерісінде оқушылардың менгерген білімдері мен қалыптасқан дағдыларының деңгейін анықтайды, пәндік оқу бағдарламаларында берілген оқу мақсаттарына жетудегі қыындықтарды анықтап, қол жеткізуге көмектесуге мүмкіндік береді.

Қалыптастыруышы бағалау үздіксіз жүргізіледі және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге көмектеседі. Қалыптастыруышы бағалау кезінде оқушыларға өз оқуларын жақсарта түсулері үшін кері байланыс беріледі (пікірлер мен ұсыныстар), балл және баға қойылмайды.

Жиынтық бағалау

Жиынтық бағалау:

- оқу бағдарламасының бөлімдері/ортақ тақырыптар (бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ));
- тоқсан (тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) аяқталғанда оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі).

Жиынтық бағалау әртүрлі тапсырмалар түрінде алынады (жазбаша, ауызша, жоба қорғау және с.с.). Тапсырмалар қалыптастыруышы бағалау кезіндегі өткен оқу мақсаттарына сәйкес құрастырылады, сондай-ақ баламалық түрде және басқа да оқу мақсаттарымен байланысты үлгілермен ұсынылады.

Бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау бойынша оқушылардың нәтижелері электрондық журналға балл түрінде қойылады. Балдар жинақталып, тоқсан соңында тоқсандық бағаға, ал оқу жылы аяқталған соң жылдық бағаға айналдырылады. Ол үшін келесі шәкіл қолданылады:

Балды бағаға ауыстыру шәкілі

Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мөлшері	Бағалау көрсеткіші	Баға
0%-39%	Қанағаттанарлықсыз	«2»
40%-64%	Қанағаттанаралық	«3»
65%-84%	Жақсы	«4»
85%-100%	Өте жақсы	«5»

Нәтижелерді тіркеу

Оқушыларға қойылады	Сипаттамасы
Әрбір бөлім бойынша жиынтық бағалау балы	Жиналған балл саны және соған сәйкес оқу жетістігінің деңгейі
Тоқсандық жиынтық бағалау балы	Жиналған балл саны спецификацияға сәйкес

Тоқсандық баға	Тоқсандағы барлық жиынтық бағалау жұмыстарының балл саны белгілі бір пайыздық қатынаспен өлшенеді. Оқушылар бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері арқылы тоқсандық бағаның 50%-ын жинайды, ал қалған 50%-ын тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесі құрайды
Жылдық баға	Барлық тоқсан бойынша ең жоғары ықтимал балға жиналған балл санының пайыздық қатынасы шәкілде көрсетілген

Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша оқушылар жұмысы портфолиода жинақталады. Оқу жылы барысында ата-ана мектепке келіп, портфолиға салынған жұмыстармен таныса алады.

Сыртқы жиынтық бағалау

Оқушылар негізгі (10-сынып) және жоғары (11 және 12-сынып) мектепті аяқтағаннан кейін халықаралық IGCSE, AS және A-level стандарттарымен сәйкес келетін сыртқы жиынтық бағалауды тапсырады.

Сыртқы жиынтық бағалау оқушылардың зерттеу жобаларын, курстық жұмыстарды, зертханалық, экспериментік және практикалық жұмыстарды, эссе жазу секілді түрлі жұмыстар мен күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындауы арқылы оқушылардың білім, білік, дағдыларының, сондай-ақ математикалық, жаратылыштастыну-ғылыми, мәдениетаралық жаһандық, цифрлық сауаттылық пен оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған.

Ағылшын тілін менгеру деңгейін сырттай бағалау үшін түлектер Халықаралық емтихан тапсырады (IELTS, TOEFL және т. б.).

Жоғарыда көрсетілген дағдыларды бағалау үшін бағалау құралдары халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембридж Бағалау Кеңесімен бірлесіп өзірленеді. Оқушылар стандартты және терендетілген деңгейде оқытылатын міндettі пәндер мен таңдау пәндері бойынша емтихан тапсырады. Эр оқушы 5 пәннен 7 пәнге дейін емтихан тапсырады. Оқу тіліне байланысты оқушылар үш тілдің бірінде емтихан тапсырады.

Емтихандар барлық халықаралық стандарттар мен талаптарды сақтай отырып, қатаң құпиялыштық пен қауіпсіздік жағдайында өтеді.

Негізгі мектептің емтихан пәндері

10-СЫНЫП		
№	Міндettі пәндер	Емтихан тапсыру тілі
1	Математика	Қазақ/орыс
2	Ағылшын тілі	Ағылшын
3	Қазақстан тарихы	Қазақ
4	Қазақ/Орыс тілі мен әдебиеті (бірінші тіл ретінде)	Қазақ/орыс
5	Қазақ/Орыс тілі мен әдебиеті (екінші тіл ретінде)	Қазақ/орыс

Таңдау пәндері		
	Химия	Қазақ/орыс
	Физика	Қазақ/орыс
	Биология	Қазақ/орыс
	Информатика	Орыс

Оқушылар 5 міндетті пәннен және 1 пәнді өз еркі бойынша 4 пәннің бірінің ішінен таңдап алып тапсырады

Емтихан қорытындысы бойынша негізгі мектеп оқушылары негізгі мектепті бітіргені туралы куәлік алады және жоғары мектептің 11-сыныбына ауыстырылады.

Жоғары мектептің емтихан пәндері

11-СЫНЫП		
№	Міндетті пәндер	Емтихан тапсыру тілі
1	Қазақ/Орыс тілі мен әдебиеті (екінші тіл ретінде)	Қазақ/орыс
12-СЫНЫП		
№	Міндетті пәндер	Емтихан тапсыру тілі
1	Математика	Қазақ/орыс
2	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	Қазақ
3	Қазақ/Орыс тілі мен әдебиеті (бірінші тіл ретінде)	Қазақ/орыс
4	Ағылшын тілі (IELTS)	Ағылшын
Таңдау пәндері		
5	Химия	Ағылшын
6	Физика	Ағылшын
7	Биология	Ағылшын
8	Информатика	Ағылшын
9	География	Қазақ

12-сынып оқушылары 4 міндетті пәннен және 5 таңдау пәннінен 2 немесе 3-еүін таңдап алып тапсырады

Жоғары мектептегі емтихандардың қорытындысы бойынша оқушылар жоғары мектепті бітіргені туралы аттестатты, сонымен қатар қазақстандық және кейбір шетелдік жоғары оқу орындары мойындастын халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембридж Бағалау Кеңесінің сертификатын алады.

4 ТАРАУ. Мектептің тәрбие жүйесі

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімінің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде тәрбие мен оқытуды біріктіретін тұтас білім беру процесі іске асырылада.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие жұмысының жүйесі жоғары адамгершілік қасиеттерді, шығармашылық белсенділік пен азаматтықты біріктіретін әлеуметтік белсенді тұлғаны дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Мектептердегі тәрбие жұмысының мақсаты - Отан тағдырын өзінің жеке басының мәселесі ретінде қабылдайтын, өз елінің бүгіні мен болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін, Қазақстан Республикасының көпұлтты халқының рухани және мәдени дәстүрлерінде өскен жоғары өнегелі, шығармашыл, құзыретті азаматты қалыптастыру болып табылады.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- оқушыларды тәрбиелеуде оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастық пен қоғамның күш-жігерін біріктіру;
- оқу процесі, қосымша білім беру, сыныптан тыс іс-шаралар және жергілікті қоғамдастық мәселелерін шешуге қатыстыру арқылы оқушының өмірлік құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ету.

Мектептің тәрбие жүйесі келесі бағыттарды қамтиды:

- патриоттық тәрбие;
- адамгершілік тәрбие;
- интеллектуалды даму;
- физикалық және психологиялық даму;
- көпмәдениетті даму;
- көшбасшылық қасиеттерді дамыту;
- көркем-эстетикалық тәрбие.

Мектептердегі оқу-тәрбие процесінің мазмұны құндылықтар төңірегінде топтастырылады. Мектептердің білім беру процесінің негізгі құндылықтары құрмет, ынтымақтастық, жауапкершілік, адалдық, функционалды сауаттылық, өмір бойы оқу болып табылады.

Құндылықтар білім беру қызметінің түрі, формасында немесе жекелеген пәндердің мазмұнында ғана қарастырылмайды.

Олар барлық оқу мазмұнында, мектеп өмірінде, оқушының адам, тұлға, азамат ретінде қалыптасуына жан-жақты ықпал етеді.

Негізгі құндылықтар мектеп өмірінің барлық кезеңдерінде, оның барлық аспектілері арқылы қалыптасады, мұнда оқушылар оларды игеріп ғана қоймай сонымен қатар осы құндылықтарға сәйкес әрекет етуге, оны ұстануға ықпал ететін әдістер ойлау, сезім, іс-әрекет деңгейінде тәрбиеленеді.

Құндылықтар сабактарда оқытылады, сонымен қатар оқушылардың сабактан тыс, мектептен тыс іс-әрекеттері арқылы қалыптасады әрі отбасында ұстанады.

Мектептердегі білім беру процесінің барлық қатысушылары қызметінің маңызды аспектісі-сыныптарда, оқу топтарында, «Шаңырақ» қауымдастырында әр оқушы үшін жайлы, шығармашылық, дамытатын орта құру.

Жайлы орта білім беру процесінің әр қатысушысы үшін тең мүмкіндіктер беру арқылы қамқор, мейірімді, ынталандыруши, сыйластық атмосферасы арқылы құрылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептері оқу бағдарламаларының құндылыққа бағытталуы оқушылардың жеке дамуына қолайлы жағдайлар мен ыңғайлар жағдай қалыптастыру арқылы білім беру процесіндегі тәрбие компонентінің рөлін күшеттүге бағытталған.

NIS-Program бағдарламасын іске асыру оқушының сабактағы позициясының ең-бекір орындаушыдан оқу іс-әрекетінің белсенді және тең құқылы қатысушысына өзгеруіне әкелді. Мұғалім мен оқушы толыққанды серіктес, алайда қажетті тәжірибелің қолданушысы болып табылады.

Халықаралық негіздегі тұлғаны тәрбиелеуде күнделікті аталған бағдарлама аясында мұғалімдер жұмыс жасай отырып, оқушылардың коммуникативті мәдениетін да-мытатын интерактивті әдістер мен тәсілдерді қолданады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп қауымдастырында жүзеге асырылады:

- «NIS-Programme» білім беру бағдарламасының барлық пәндері арқылы. «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» жаңа пәні, сондай-ақ құқық негіздері, Қазақстан тарихы, география, әдебиет және тілдер ерекше маңызды;
- ұлттық және тарихи-өлкетану мұражайларына, елдің ірі зауыттары мен кәсіпорындарына, (елді индустримальдыру бағдарламасы шенберінде); әскери бөлімдерге, мемлекеттік органдарға экскурсиялар арқылы (Үкімет, Парламент, министрліктер, жергілікті басқару органдары және т. б.);
- өлкетану экскурсиялары және Қазақстан бойынша туристік жорықтар арқылы;
- мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған концерттер, конкурстар, көрмелер және басқа да іс-шаралар арқылы;
- соғыс және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету, оларға қажетті көмек көрсету арқылы;
- «NIS 100 тұлғасы» жобасы арқылы;
- «Жылдың үздік оқушысы», «Жылдың Үздік педагог-ұйымдастырушысы-кураторы», «Жыл отбасы» желілік конкурстары арқылы;
- Оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының форумы арқылы;
- «Қалатану» элективті курсы арқылы (мысалы, «Қарағандытану», «Семейтану»).

Кураторлық қызмет

Мектептердің білім беру жүйесінің негізгі құрылымдық элементі сынып болып саналады. Оқушыға тәрбиелік жағынан әсер етудің үйлестірушісі – педагог-ұйымдастырушы-куратор (бұдан әрі – куратор). Оқыту үрдісінен босатылған куратордың негізгі міндеті – оқушылардың физикалық, психикалық, эмоционалдық деңсаулығына қолдау көрсету, олардың сыныптағы қызметін ұйымдастыру.

Сыныптарда оқушылардың әлеуметтік жағдайына қамқорлық жасалады, балалардың бос уақытын тиімді өткізу мәселелері шешіліп, тиісті эмоционалды жағдай қалыптасады.

Мектептің өзін-өзі басқару органдарында өкілдік қызмет сынып пен Шаңырақтар атынан жүзеге асырылады. Бір кураторда «Шаңырақ» оқушылар қауымдастырына біріктірілген екі сынып бар.

Кураторлық қызмет жыл бойы мектептің даму жоспары негізінде мақсатты, жүйелі, жоспарлы қызмет атқарады, өткен жылғы жұмыстарға талдау жасай отырып, мектептің педагогикалық ұжымының алдында тұрған маңызды міндеттерді және сыныптардағы жағдайды ескере отырып жүргізеді.

Кураторлық қызмет сынып ұжымының қызметін ұйымдастыруға және сыныпта тұлғааралық қатынастар жүйесін қалыптастыруға, мектеп, бала мен ата-ананың өзара әрекетін ұйымдастыруға бағытталған. Куратордың негізгі міндеті – оқушылардың мінез-құлдық мәдениетін менгеруіне және адамгершілік құндылықтарын бойына сіңіру үшін қажетті жағдай жасау.

Кураторлар ең алдымен, өз сыныптарындағы оқушылармен жұмыс жасайды. Олар әр баланың жеке білім алуына, оның жас ерекшелігін және танымдық қызығушылықтарын дамыту мен ынталандыруға деген ынтастын қалыптастырады. Кураторлардың сыныптармен жүйелі жұмысы топтағы балалар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіруге, адамгершілік мәні мен рухани бағыттарды қалыптастыруға, әлеуметтік құнды қатынастарды, жеке және әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерді ұйымдастыруға, өзін-өзі басқару жүйесінің жұмысына бағытталған.

Кураторлар – оқушы, мұғалім, ата-ана және қоғам арасын, кейде балалардың арасын да байланыстырушы көпір. Құн сайын олар жеке әңгімелесулер арқылы әр баланың даму ерекшеліктерін зерттейді, күнделікті жоспарлау арқылы оқушының даму картасын жасайды. Кураторлар жүйелі түрде оқушылармен сабактан тыс түрлі іс-шаралар үйімдастырып, өткізеді.

Қызмет барысында кураторлар, ең алдымен, мұғалімдермен жеке жиналыстар, кеңестер, ата-аналар жиналыстары арқылы өзара бірлесе отырып, әрекет етеді. Кураторлар өз сыныбының оқушыларын пәндер бойынша сыныптан тыс іс-шараларға тартады: элективті курстар, пәндік үйірмелер, олимпиадалық мектеп, жеке кеңестер, пән апталықтарына, каникулярлық мектепке, жазғы мектепке, мектептен тыс курстарға, зияткерлік сайыстар мен байқауларға, жобалық жұмыстарға, оқушылар клубына қатысу, әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер және т.б.

Педагог-психологтармен бірлесе отырып, кураторлар оқушылардың жеке ерекшелігін, мектеп қауымдастырына бейімделуін зерттейді, олардың қолдауымен сынып ұжымының дамуын талдайды, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін анықтайды, педагог-психологтары мен ата-аналар арасындағы қатынасты үйлестіреді.

Кәсіби бағдарлау бойынша кеңесшімен бірлесе отырып, оқушыларға болашақ ма-
мандықтары туралы шешім қабылдауға ықпал ететін түрлі іс-шаралар өткізеді.

Кураторлар қосымша білім беру педагогтарымен бірлесе отырып, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін кеңейту мақсатында қызығушылықтар бойынша әртүрлі шығармашылық бірлестіктерге (үйірмелер, секциялар, клубтар) қосылуына мүмкіндік береді.

Мектептің педагог-кітапханашыларымен біріге отырып, кураторлар оқушылардың оқу дүниетанымын кеңейтеді, олардың бойына оқу мәдениетін қалыптастыруға, адамгершілік мұраттарын, мінез-құлыштың этикалық нормаларын құрметтеуге, өзіндік ерекшеліктерін білуге ықпал етеді.

Маңызды моральдық, рухани-этикалық мәселелер көтерілетін және шешілетін куратор мен тәрбиеленушілер арасындағы тікелей қарым-қатынас түрлерінің бірі – куратор сағаты, таңғы жиын, Шаңырақ сағаты.

Оқушылар үшін күнделікті жұмыс құні мектепте таңғы жиыннан басталады, онда жаңалықтар айтылып, алдағы шаралар талқыланады. Таңғы жиында оқушылар туған күн иелерін және олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарын құттықтайды, жетістіктерімен бөліседі.

Бекітілген кестеге сәйкес сыныптар аптасына бір рет бағыттар бойынша кураторлық сағаттар өткізеді: азаматтық-патриоттық тәрбие, интеллектуалды даму, адамгершілік даму, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы

Мектептегі құндылықтарды жүзеге асырудың басты тетігі – оқушылар мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық, сыйластық, сенім, қамқорлық, жауапкершілік атмосферасын қалыптастыру мақсатында құрылған «Шаңырақ» жоғары және төменгі сыйнұптардағы оқушылардың қауымдастығы.

«Шаңырақ» қауымдастығы әртүрлі жастағы және оқыту тілі әртүрлі екі сыйнұп оқушыларынан құралады. Олардың бейресми қарым-қатынасы айына бір рет пікірталастар, рөлдік және іскерлік ойындар түрінде өткізілетін «Шаңырақ» сағаттарындағы кездесулер арқылы қалыптасады.

«Шаңырақ» қауымдастығының міндеттері біртұтас топ құру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, сыйластық, қамқорлық, сенім, ұйымшылдық, жауапкершілік, академиялық білім беру, эмоционалды мәселелерді шешу, пәнаралық жобалар, шығармашылық, спорт сияқты қатынастарды қалыптастыру болып табылады.

Шаңырақтар оқушылар қауымдастығын ұйымдастырудың негізгі түрі ретінде мектептегі барлық іс-шараларға ат салысады: әлеуметтік акциялар, шығармашылық байқаулар, фестивальдар, спорттық жарыстар, ашық есік күндері, экскурсиялар, жорықтар, қайырымдылық жәрменқебелері. Бір Шаңырақтың оқушылары өздеріне ыңғайлы ортада қарым-қатынас жасайды, бірлескен жобаларды талқылайды, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және дамыту бойынша тренингтер өткізеді, алдағы іс-шараларды жоспарлайды.

«Шаңырақ» көшбасшылары өткізетін дәстүрлі іс-шаралар:

- 7-сыйнұп оқушыларын «Шаңырақ» қауымдастығының мүшелігіне салтанатты түрде қабылдау;
- көшбасшылық сабактары;
- әлеуметтік және экологиялық акциялар;
- патриоттық әндер байқаулары, қайырымдылық жәрменқебелері;
- жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған Ашық есік күндері;
- «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылған 100 кітап» жобасы бойынша театрландырылған қойылымдар байқауы;
- Халықаралық жастар бірлігі күніне арналған «Ертеңімін елімнің» форумы.

Шаңырақтардың табысты жүзеге асуының кепілі – жоғарғы сыйнұп оқушыларының төменгі сыйнұп оқушыларына тәлімгер болуы.

Шаңырақтардың қызметіне тәлімгерлікті енгізу жасаралық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты, қамқоршылықты дамытуға және мектеп оқушыларының өзара қолдауына ықпал етеді. Еріктілер қызметі оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытады, сыйластық, қамқорлық, сенім, ынтымақтастық, жауапкершілік сынды қарым-қатынастарды қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жазғы әлеуметтік тәжірибелер

Жыл сайын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары «Ата-ана жұмыс орнындағы бір күн», «Ата-ана жұмысындағы 10 күн», «Екі апта ауылда» секілді міндетті жазғы тәжірибелерден өтеді.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі жазғы әлеуметтік тәжірибенің негізгі мақсаты – оқушылардың ел өміріне араласу мүмкіндіктерін кеңейту, олардың әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігін арттыру, сонымен қатар оқушылардың күнделікті өмірде, мектептен тыс уақытта қолдана алатын өз саласын жақсарту үшін үнемі әрекет ететін зерттеу қабілеттерін, рухани және шығармашылық қасиеттерін дамыту.

«Ата-ана жұмыс орнындағы бір күн» тәжірибесінде 7-8-сынып оқушылары мамыр айының соңғы жұмыс күні ата-аналары жұмыс істейтін мекемелер мен үйымдарға барып бақылайды, жұмыстың мән-жайын ұғады. Аталмыш тәжірибе ата-ананың (заңды өкілдер) жұмыс орнында өтеді.

«Ата-ана жұмысындағы бір күн» бір күндік тәжірибесінен төмендегідей жұмыс орындарынан өтуге рұқсат етілмейді:

1) санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулез және психоневрологиялық мекемелер;

2) теміржол жолдары және алыс қауіпті орындар;

3) шахта және басқа да өмір мен денсаулық үшін қауіпті үйымдар мен мекемелер.

Егер ата-аналар (заңды өкілдер) жұмысының жоқтығына байланысты тәжірибеден өткізе алмаса, онда тәжіриbeni Зияткерлік мектептің өзі үйімдастырады.

«Ата-ана жұмысындағы 10 күн» әлеуметтік тәжірибесі 9-10-сынып оқушыларына арнап жазғы демалыс кезінде өткізіледі.

«Ата-ана жұмысындағы 10 күн» тәжірибесінің негізгі мақсаты – оқушыларды қәсіпке баулу, өзін-өзі тәрбиелеуге, іскерлік ынтымақтастыққа, еңбек қызметін, өмірін және қәсіби өзін-өзі анықтауға, мамандық таңдауға қажетті білім жүйесін қалыптастыру. Барлық оқушылар өздерінің рефлексиялық есептерінде «Ата-ана жұмысындағы он күн» өте қажет және маңызды жоба екенін атап өтті.

«Екі апта ауылда» әлеуметтік тәжірибесі Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушылары арасында әлеуметтік құзіреттілік пен әлеуметтік дағдыларды дамыту, әлеуметтік мінез-құлыштың жеке үлгісін қалыптастыру және дамыту, әлеуметтік іс-әрекеттің тәжірибесін жинақтау, оқу барысында алған теориялық білімдерін түсіну және пайдалану мақсатында енгізілді. Ауылдағы тәжірибе – бұл қазақстандық қоғамның әлеуметтік проблемалары туралы толық ақпарат алу. Осы тәжірибе шеңберінде алынған әлеуметтік тәжірибе оқушылардың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі анықтау, тұлғалық, қәсіптік және әлеуметтік жетістіктерін анықтайдын факторға айналады.

Әлеуметтік «Екі апта ауылда» тәжірибесінен 7-9 сынып оқушылары жазғы демалыс кезінде өтеді.

Оқушылар аталмыш тәжірибеден аудан орталықтарынан, ірі және шағын ауылдардан, бекеттерден өтеді.

Әлеуметтік тәжірибе нәтижелері бойынша оқушылар эссе, күнделікті рефлексия нәтижелері, фотосуреттер, бейне және аудиоматериалдар түрінде есептер ұсынады.

Жыл сайын Білім күніне орай оқушылар Патриоттар форумында жазғы тәжірибе нәтижелері туралы есеп береді.

Мектеп дәстүрлері

Дәстүрлер – бұл ұжым қызметінің үнемі іске асатын, сыныптан тыс қызметте маңызды орын алатын «ұжымдық дағдылар». Дәстүрлер сол ұжымның өмір салтының нәтижесі болып саналады, оның негізінде Мектептің тәрбие жүйесі дамып, жетіліп отыруы тиіс.

Оқу жылының басталуымен және аяқталуымен байланысты спорттық, мерекелік мектеп дәстүрлерін сақтау, іздеу, құру және жетілдіру маңызды орын алады. Сонымен қатар мұндай дәстүрлерге мектептің өзін-өзі басқару үйімін және төрағасын сайлау, жалпы мектепшілік жиналыстар, спартакиадалар, туристік слеттер және т.б. өткізу жатады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде дәстүрлі іс-шаралар қатары қалыптасты және жаңа жыл сайын бұл дәстүрлерге өзгерістер енгізіліп, оған алдын ала дайындалып, барлығы оны мереке ретінде күтеді.

Зияткерлік мектептердің негізгі дәстүрлеріне:

- «Білім күні» мерекесі;
- Өзін-өзі басқару күні;
- «7-сыныптарды қатарға қабылдау»;
- Велофестиваль;
- Ұстаздар күні;
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні;
- Домбыра флемшобтары;
- Денсаулық күндері;
- «Естелік вахтасы» жобасы;
- Отбасы күні;
- Отан қорғаушылар күні;
- Женіс күніне орай «Отан үшін от кешкен, батырдың біз ұрпағымыз» марафоны;
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай «30 қайырымды істер» акциялары
- Наурыз кездесулері;
- Соңғы қоңырау;
- Мектеп бітіру кеші және т.б.

Мектептегі дәстүрлі іс-шаралардың болуы тәрбие беру жүйесінің тұрақтылығын сақтайды, оқушылардың мәдени және әлеуметтік әлеуетін арттырады, жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Қосымша білім беру

Мектептердің қосымша білім беру жүйесіне көркем-шығармашылық, техникалық, интеллектуалды үйірмелер, спорт секциялары, элективті курстар кіреді.

Қосымша білім беру балалар мен ата-аналардың сұранысына ие, өйткені бұл сыйныптан тыс білім беру процесінде жеке тұлғаның әртүрлі танымдық мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Мектептерде элективті курстарды, үйірмелерді шығармашылық есептер, жобалар фестивалі, көрмелер, концерттер түрінде бағалау қалыптасқан.

Мектептегі қосымша білім берудің маңызды қағидасы – баланың пәнді (іс-әрекет түрін), мұғалім мен қызығушылық бірлестіктерін ерікті түрде таңдау. Осы қағиданы іске асыру үшін жыл сайын қыркүйек айының басында мектептер үйірмелер, клубтар, элективті курстар фестивалін ұйымдастырады, онда оқушылар өз қызығушылығына сай қызмет түрін таңдай алады, сонымен қатар қызығушылық клубтарын құру туралы өз бастамасымен ұсынады.

Қосымша білім беру келесі негізгі міндеттерді шешеді:

- оқушылардың жеке тұлғалық таным мен шығармашылыққа деген ынталының дамыту, балалардың әлеуметтік мәні бар қызмет түрімен қамтылуын, олардың өзін-өзі дамытуы мен әлеуметтік бейімделуін, көшбасшылық қасиеттерін, әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие, тұлғалық даму, кәсіби өзін-өзі анықтау, шығармашылық жұмыс, жалпы мәдениетті қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;
- дарынды және талантты оқушыларды анықтау және қолдау.

Қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұны:

- әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне, қазақтың салт-дәстүрлері, мәдени және ұлттық ерекшеліктеріне;
- оқыту принциптерінде көрініс табатын заманауи білім беру технологияларына (даралық, қол жетімділік, сабактастық, тиімділік);
- оқыту формалары мен әдістеріне (сарапанған оқытудың белсенді әдістері, сабактар, конкурстар, экскурсиялар, жорықтар және т.б.);
- оқу процесін бақылау және басқару әдістеріне (оқушылар іс-әрекетінің нәтижелі болуы) сәйкес келеді.

Қосымша білім беру бағдарламалары:

- баланың жеке дамуына жағдай жасауға;
- баланың білімге және шығармашылыққа деген ынталының дамытуға;
- оқушыларды жалпы адамзаттық құндылықтармен таныстыруға;
- қоғамға қайши мінез-құлыштың алдын-алуға;
- әлеуметтік, мәдени және кәсіби өзін-өзі анықтауға, жеке басын шығармашылық түрғыдан жүзеге асыруға, оның әлемдік және ұлттық мәдениеттер жүйесіне кіргігіне жағдай жасауға;
- оқушының жеке басының психикалық және физикалық, ақыл-ой және рухани даму процесінің тұтастырын қамтамасыз етуге;
- оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын нығайтуға;
- қосымша білім беру педагогының оқушы отбасымен бірлескен әрекетін қалыптастыруға бағытталған.

Мектеп оқушылардың негізгі және қосымша білімі тең дәрежеде әрі бірін-бірі то-лықтырып тұратын бірыңғай білім беру кеңістігін құруды қамтамасыз етеді.

Олимпиадалар

Мектеп оқушылары үшін түрлі пәндер бойынша өз дағдылары мен біліктерін көрсетуге жағдай жасалған. Олимпиадаларға қатысу тек зияткерлік қабілеттерді ғана емес, оқушылардың абстрактылыы ой-өрістерін кеңейтіп жетілдіруге, логикалық ойладуды және шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

Оқушылар олимпиадаларға 7 сыныптан бастап қатыса алды. Олимпиадалар мектептік, желілік, республикалық және халықаралық кезеңдерден тұрады. Олимпиада өткізілетін пәндер тізімі жыл сайын анықталады.

**мектептік
қыркүйек**

**желілік
қазан**

**республикалық
наурыз, сәуір**

**халықаралық
шілде, тамыз**

Оқушылардың оқу пәндерін менгерудегі әлеуетін дамыту, ғылым негіздері бойынша білімдерін тереңдету және олимпиадаларда табысты болу мақсатында оқу-жаттығу жиындары өткізілуде. Ірікеуден өткен және жаттықтырушылардан ұсыныстар алған студенттер оқу-жаттығу жиындарына қатысуға жіберіледі.

Ғылыми-зерттеу қызметі

НЗМ жүйесіндегі жобалық-зерттеу қызметі оқу үрдісінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Желілік жарыстар дәстүрге айналып, оларға қатысу жас зерттеушілер үшін әрқашан жаңа тәжірибе болып табылады.

Оқушылар ғылыми-зерттеу сайыстарына 7-сыныптан, ал Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы мектептерде бастауыш сыныптарынан бастап қатыса алды. Байқаулар мектептік, желілік, республикалық және халықаралық кезеңдерден тұрады.

**мектептік
қыркүйек**

**желілік
қазан**

**республикалық
қараша,
желтоқсан**

**халықаралық
«Дарын» РЕПО-
ның кестесі бой-
ынша**

Ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысу оқушылардың ақпаратты жоспарлау, жинау және өңдеу, талдау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, болашақта табысты әлеуметтену факторларының біріне - коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптасуына ықпал етеді. Зерттеудің толықтығы үшін жауапкершілік сезімін дамыту арқылы академиялық адалдық мәдениеті қалыптасады. Ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеудің нәтижесі авторлық құқық, патент және ақшалай сыйлықтар алуға болатын өнімдер болуы мүмкін.

Элективтік курстар

Білім беру қызметтерінің жоғары сапасына және Зияткерлік мектептер қызметінің тиімділігіне қол жеткізу үшін балаларды қолдау бойынша арнайы іс-шаралар жүргізіледі. Соның бірі – STEM пәндері бойынша факультативтік курстарды ұйымдастыру.

- Элективтік курсарды еңгізу кезінде студенттер үшін өзектілігі мен жаңашылдық дәрежесіне, ынталандыруши және дамытуши әлеуетке назар аударылады. Бағдарламалардың мазмұны оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық дамуына ықпал етеді, оқытудың белсенді әдістерін кеңінен қолдануды, заманауи білім беру технологияларына бағдарлауды көздейді.
- Элективтік курсарға белсene қатысқан студенттер олимпиадаларда, ғылыми жобалар байқауларында жетістіктерін көрсетіп, оқуда он динамиканы көрсетеді.

Элективтік курстар келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- оқушының өзін-өзі танып білуіне және одан әрі кәсіби өзін-өзу анықтауына ықпал ету;
- жоспарланған профиль бойынша оқуға он мотивация жасау;
- оқушыларды осы профиль бойынша жетекші іс-әрекеттермен таныстыру;
- оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендіру;
- оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін арттыру.

Желілік жобалар

Рухани-мәдени жобалар	Танымдық жобалар	Әлеуметтік жобалар
Тұған елге тағзым	Казак әндері	100 қүйдің тарихы
Мениң өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер	Ұлы дала ақындары	Мениң өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер
«Шанырақ» оқушылар қауымдастыры		100 кітап
«Шанырақ» рейтингі		NIS talks
«Шанырақ» оқушылар қауымдастыры		Wikipedia клубы
Оқушылардың өзін-өзі басқаруы		Ата-ана жұмыс орныдағы бір күн
Президент		Ата-ана жұмыс орнындры 10 күн
Жалпы жиналыш		2 апта ауылда
«Шанырақтар» кеңесі		Қоғамға қызымет ету
Шанырақтар кеңесшілері		

Мектептердің тәрбие жүйесінде «Қазақ әндері», «100 күйдің тарихы», «Ұлы дала ақындары», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» сынды желілік жобалардың орны ерекше. Желілік жобалар оқушылардың бойында азamatтық және патриоттық қасиеттерді, адамгершілік сезімдерді қалыптастырып, олардың мәдени-тәнімдық, коммуникативтік және әлеуметтік-әстетикалық қабілеттерін дамытады.

«Жұз күйдің тарихы», «Қазақ әндері» жобалары аясында өтетін домбыра және ән флеш-моб пен байқаулар, тақырыптық сазды кештер мен кездесулер, жалпы мектепшілік таңғы жиындар, шеберлік сағаттары, фестивальдер мен концерттер оқушылар мен ата-аналары үшін дәстүрлі мәдени шараларға айналды.

Қазақ күйлері мен әндерін зерттеу және орындау бойынша жалпы мектепшілік жиындар, шеберлік сағаттары қазақтың музыкалық мәдениеті балалардың қызығушылығын оятатынын көрсетеді. Күйлер мен әндер оқушыларды ұлттық дәстүрге тәрбиелей отырып, олардың бойында өз халқына деген құрмет пен сүйіспеншілікті, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырады.

«Ұлы дала ақындары», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобаларының мақсат пен міндеттерін жүзеге асыру үшін поэзия кештері, шығармашылық байқаулар мен ойындар сияқты мәдени-көпшілік шаралар үйімдастырылады.

Барлық желілік жобалар оқушылар мен олардың ата-аналарынан белсенді қолдауға ие.

Көптілділік саясатты, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиетті оқу арқылы өз халқының тарихын, мәдениетін зерделеу мен басқа мәдениеттерге деген толеранттылыққа тәрбие беруді қолдау мақсатында мектеп «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» атты желілік жобасын жүзеге асырылуда.

Осы жобаның аясында күн сайын мектеп қауымдастырының барлық мүшелері қатысады Reading time өткізіледі. Оқылған кітаптар бойынша ең үздік сын-пікір байқаулары, «Brain Ring», «Кітапты тап», «Keyword Hexagon», «Book Dingo», «Library Tic-Tac-Toe», «Book Bingo» сияқты кітап ойындары оқушылардың ерекше ықыласына ие болды. Жоба бойынша өткізілетін барлық шаралар оқушылардың қызықты кітаптарды оқуға деген қызығушылығын оятуда.

Балалар арасында танымаған әдеби интерактивті ойындар оқушылардың әдеби мәтіндерді зейінмен оқу, цитаталарды дұрыс таңдау, кітап және оның кейіпкерлері туралы өзінің ойын нақты деректермен дәлелдеу қабілеттерін дамытады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасын енгізу тәжірибесі оқушылардың оқу мәдениеті пән мұғалімдерінің, педагог-үйімдастырушы-кураторлардың, педагог-кітапханашылардың бірлескен жұмысы арқасында қалыптастасынын көрсетті.

Тіл мұғалімдерінің педагог-үйімдастырушы-кураторлар және педагог-кітапханашылармен бірге үйімдастыратын шаралар (оқылған кітаптардың кейіпкерлері мен олардың әрекеттерін, әңгіме желісіндегі оқиғаларды талқылау) кітаптың мазмұнын терең зерделеуге ынталандырады. Жоба бойынша оқылған жобаларды талқылау, ұжымдық әңгімелесу көп жағдайда дискуссиялық сипатта ие, қажетті дәлелдерді іздейп-табуға, автордың негізгі ойын бағалауға жағдай жасайды.

Мектеп кітапханаларындағы кітап қорының жеткілікті болуы «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасын сәтті жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Бұл жобаны енгізу оқырман-оқушының рөлін өзгертті, енді ол кітапты насиҳаттаушыға айналды. Негізінде оқушылардың өздері басқа оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырады. Оқушылар түрлі кітап шаралары арқылы кітапқа жарнама жасау қабілеттерін дамытады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы басты міндеттердің бірі «Тұған жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жастарға өз өлкесінің және жалпы елдің дамуына үлесін қосқан азаматтар туралы айту болып табылады.

«Даналық бейсенбісі» жобасы аясында ұйымдастырылатын кездесулер оқушылардың таным көкжиектерін кеңейтіп, оқуға деген ынталынын арттырады, оларды зияткерлік дамуға, кәсібиілікке бағыттайтынын оқу, тәрбие және әлеуметтік деңгейін көтеріп, эмоциялық қабылдау арқылы еңбекке деген қызығушылығын оятады.

Жобаның мақсаты – оқушылардың елімізге, өңірімізге танымал қоғам қайраткерлерімен, ғалымдармен, кәсіпкерлермен, білім беру және медицина, өнер саласындағы қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру арқылы талқылауға арналған ашық алаң құрыптауды.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жобаларды жүзеге асырудың нәтижелері:

- оқушылар толыққанды әлеуметтік-мәдени түрғыда өзін-өзі тануға келеді, өзін-дік санасында белгілі бір басымдықтар қалыптасады;
- жаңа құндылықтар пайда болады;
- оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша қосымша сабактарға қызығушылығы артады;

Аудандық, облыстық, респубикалық байқауларға, конференцияларға, олимпиадаларға қатысу нәтижелілігі көтеріледі.

«Даналық бейсенбісі» жобасы аясындағы кездесу тақырыптары әртүрлі және оқушылардың журналистика, шет тілдерді менгеру, көркемөнер, түрлі мамандық иелерінің тәжірибесін тыңдалап, болашақта мамандық таңдау талғамын қалыптастырады, зерттеу сияқты қызмет түрлерімен танысуына мүмкіндік береді.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы

Оқушылардың Мектеп Кеңесінің қызметіне қатысуы оларға білім беру процесінің толық қатысушысы болуға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды олардың мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдауға қатысу құқығын іске асыруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың өзін-өзі басқару қызметі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында оқушылардың өзін-өзі басқару органдары қызметінің үлгілік ережелеріне» негізделген. Өзін-өзі басқаруы арқылы оқушылар алға қойылған бастамаларды іске асыруға, бос уақытты, сауықтыру, шығармашылық, зияткерлік және қоғамдық-пайдалы іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Мектеп оқушыларына үйірмелер, клубтар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар кеңесі мен сыныптардың атқарушы комитетінің мүшелері мектеп жиналыстарына қатысады, ұсыныстар жасайды. Оқушылардың өзін-өзі басқаруына мұғалімдер мен мектеп қызметкерлері белсенді қатысады. Ата-аналар комитетінің, оқушылар кеңесінің және мұғалімдер қоғамдастығының өкілдері тәртіптік комиссия мен ынталандыру комитетінің құрамына кіреді. Мектептің өзін-өзі басқаруы қоғамдық маңызы бар іс-шараларды өткізуге белсенді қатысады: ашық есік күні, облыстық семинарлар, жастар форумдары.

«Тұған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициясы

Демалыс уақытында, жыл сайын оқу жылының соңында, аралық, қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін өткізіледі. Көпкүндік өлкетану зерттеу экспедициясының жалпы ұзақтығы 10 күн.

«Тұған елге тағзым» экспедициясы «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласындағы идеяларды іске асыру мақсатында өткізіледі.

Экспедиция бағдарламасы еліміздің барлық өнірлерін қамтитын 16 бағыт бойынша 20 маршрутты қамтиды. Қатысушылар тарихи, географиялық және мәдени нысандарда зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алады. Оқу жылының соңында «Жылдың үздік шаңырағы» номинациясы бойынша ұтқан Шаңырақтың оқушылары «Тұған елге тағзым» экспедициясына қатысады.

Экспедициялық топтың құрамы педагогикалық кеңестің шешімі негізінде зияткерлік мектеп директорының бүйрүғымен бекітіледі. Экспедициялық топ құрамына сайлануға үміткерлер мектептің ынталандыру комитетінің отырысында қаралады. Ынталандыру комитетінің ұсынысы бойынша оқушылардың тізімі педагогикалық кеңестің бекітуіне ұсынылады.

7-11 сынып оқушылары келесі талаптарға сәйкес экспедицияға қатысуға жіберіледі:

1) жылдық және қорытынды бағалары «4» және «5»;

2) мінез-құлқы үлгілі, «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары үшін ішкі тәртіп қағидалары», «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушылардың академиялық адалдықты сақтау қағидалары» бойынша бұзушылықтар жасамаған;

- 3) академиялық, шығармашылық және спорттық жетістіктері бар;
- 4) мектептің қоғамдық өміріне, қоғамға қызмет ету бойынша әлеуметтік жобаларға белсенді қатысқан;
- 5) денсаулығы дұрыс.

«Тұған елге тағым» Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары үшін туған өлкенің тарихын, географиясын, экономикасын, мәдениетін зерттеу және оқу патриотизмнің ең үздік үлгісі болып табылады.

Еңбек тәрбиесі

Еңбек қызметі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің барлық оқушылары үшін физикалық және зияткерлік қажеттілігіне айналды. Жүйелі түрде мектеп оқушылары өзіне-өзі қызмет көрсету алаңдарында өз-өздеріне қызмет жасайды: сабактан кейін сынып бөлмелері мен мектеп асханаларында өздерінің ыдыс-аяқтарын жинаиды, сондай-ақ жақсы демалыс үшін мектеп ауласын және жатақханаларын күтеді.

Мұндай өзіне-өзі қызмет көрсету жұмысы оқушылардың қызмет ету дағдылары мен қабілеттерін, жұмыс жасау қажеттілігін қалыптастырады.

Экологиялық акциялар еңбек тәрбиесінің ажырамас бөлігіне айналды, акция аясында оқушылар қоқыс жинау үшін экологиялық рейдтер өткізді, «Жасыл мектеп» жобасына сәйкес, оқушылар мен олардың ата-аналары мектеп алаңдарында гүлзарлар отырғызады.

Мектеп өміріне оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер мектеп пен жатақхана аумағына ағаштар, гүлдер отырғызуға белсенді қатысады. Кураторлық сағаттарда оқушылар қоршаған орта тақырыбына арналған түрлі таныстырылымдар, постерлер жасайды. Оқушылар көркемсүрет және үйірме сабактарында табиғи және қайта өндөлетін материалдардан панельдер мен қолөнер бұйымдарын жасаумен айналысады.

Бұл бағыттағы жұмыстар оқушылардың табиғатқа және табиғи ресурстарға ұқыптылықпен қарауын, қорғауын, экологиялық дүниетанымын қалыптастыру дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқушылар клубтары

Мектеп өмірінде оқушылардың өз бастамаларымен құрған клубтары маңызды роль атқарады.

Клуб президенттері оқушылардың өздері болып табылады, ал үйлестірушілер ретінде педагог-ұйымдастырушы-кураторлар мен қосымша білім беру педагогтары тағайындалады.

Оқушылар арасындағы клубтар оқушылар арасында тұрақты түрде өзіндік білім алуларына және өз-өздерін дамытуға қол жеткізу үшін қолайлы орта қалыптастырады, өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға және оны дамытуға, командамен жұмыс істеуге дағдылануға үйретеді.

Оқушылар клубтарының өмірі демократиялы түрде, сырттан қандай да бір қысым

жасаусыз тұрақты жағдайда жүзеге асады. Мектептің қоғамдық өмірінде оқушылардың клубтары шешуші рөл атқарады. Олар оқушыларға демократиялық мәдениет түрфысында әлеуметтік жауапкершілікті сезіну және азаматтық белсенділікті ұстануды қалыптастыру бағытында мол тәрбие береді.

«Википедия» клубының мүшелері «Википедия» сайтындағы қазақ тіліндегі материалдардың санын арттыру бойынша міндет қояды. Олар Қазақстанмен, ғылым мен жаңа технологияларға байланысты әртүрлі тақырыптарда қазақ тілінде мақалалар жазады. Клуб мүшелері өздігінен білім алу қабілетін арттыру бойынша сабактар өткізіп, ақпаратпен дұрыс жұмыс жасауды, мақалалар жазуда әр түрлі әдістерді қолдануды, сондай-ақ авторлық құқықты сақтауды үйренеді.

«TEDx NIS» клубының мүшелерінің негізгі бағыты ол - қатысушыларды өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз ұстанымын сақтап қалуға үйрету, шығармашылық ойы мен терең ойлау қабілетін дамытуға, қандайда бір саланы біліп танудағы ой-өрісін кеңейтуге, дұрыс сөйлеу, қандайда бір өзекті мәселенің шешу жолдарын жан-жақты талқылауға дағыландыру.

Клуб мүшелері өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарын толық көлемде жүзеге асырған адамдармен кездесулер үйимдастырады.

Дебат клубы зияткерлік пен шешендік қабілеті бар белсенді, жан-жақты оқушыларды тарту үшін құрылған. Клубтың отырыстарында «Оқушы мен ата-ана арасындағы проблемалық қарым-қатынасты шешуге бола ма?», «Теледидар мен ғаламтор өскелен үрпақтың санасына кері әсерін тигізе ме?», «Қайда өмір сүрген жақсы – үлкен қалада ма, әлде шағын ауылда ма?», «Салауатты өмір салты – бұл өскелен үрпақ арасындағы сәнге айналған үрдіс пе, әлде шынайы құндылық па? »сияқты түрлі тақырыптар талқыланды.

Оқушылар клубта жұмыс жасауда дебат өткізу ережесімен танысып, оның құрылымын сараптауға үйренеді, дискуссиялық мәселелерді талқылау кезінде өз ойларын қалыптастыра отырып, өздерінің ұстанымдарын нақтылауға бағытталған дәлелдерді таба білуге, сөйлесу әдебі мен риторика ережесін сақтауға үйренеді.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы бойынша Көшбасшылар форумы

Жыл сайын Назарбаев Зияткерлік мектептері желісі арасында оқушылардың өзін-өзі басқаруы бойынша Көшбасшылар форумы өткізіледі.

Осы дәстүрлі кездесуге жаңа, әрі тың идеялармен бөлісу үшін әр қалаларда орналасқан Зияткерлік мектептерден оқушылар кеңестерінің Президенттері жиналады.

Форум аясында мектептердің көшбасшылары жастардың әлеуметтік-мәдени ортаға қалыптасуы, жастардың бәсекеге қабілеттіктерін дамытуы сияқты өзекті мәслелерді талқылайды.

Форумға қатысушылар әр секциялар бойынша форум қатысушылары жүзеге асырып жатқан мектеп жобалары мен жаңа технологияларды, «Идеялар генерациясы», «Тұған елге - тағзым» жобасы, «Қоғамға қызмет ету» атты еріктілер қозғалысы мен жобасы, «Жастар, ғылым, инновация» және «Мектептің өзін өзі басқаруы» атты ғылыми жобалар тақырыптарында стартаптарды көрсетеді.

Осы жұмыстардың жалғасы ретінде, республиканың әрбір Зияткерлік мектептерінде облыстардың оқушылары үшін Көшбасшылар форумы өтеді.

Қоғамға қызмет ету бойынша жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалар

Оқушылардың азаматтық белсенділігі мен әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптастына қоғамға қызмет ету бойынша әлеуметтік жобалар септігін тигізеді.

Әлеуметтік жоба – қоғамға оң әлеуметтік әсерін тигізетіндей нәтиже көрсететін қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу, оларды топта немесе жеке –жеке жүзеге асыру идеясы қамтылған оқушының іс-әрекеті. Әлеуметтік жобаларды мектеп оқушылары көмекке мұқтаж жандарға көмек түрінде педагог-ұйымдастырушылардың бастасымен жүзеге асырады.

Мектептер балалар үйлерінде, ауруханаларда, балабақшаларда, қарттар үйінде және басқа да көптеген әлеуметтік нысандарда еріктілік жұмыс жасай отырып, бойларына адамгершілік қасиетті сіңірумен қатар, қоғамға өз пайдасын тигізе отырып, әлеуметтік тәжірибе жинақтауға дағыланды.

Бұл нысандардағы жұмыс түрлеріне жетім балалар үйлеріндегі балаларға тегін ағылшын тілін үйрету, қарттар үйінде мерекелік концерт қою, қалалық саябақтар мен су айдындарын тазалау, қайырымдылық жәрмеңкелер, жалпы білім беретін оқушыларға арналған тақырыптық дәрістер мен т.б. жұмыстар жатады.

Еріктілер қатарындағы студенттер әлеуметтік нысандарда жұмыс істей отырып, адамгершілікпен қоғамға қызмет ете білудің тетіктерін игереді.

2019 жылдың қазан айынан бастап, барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Ұрпақтар сабактастыры» атты жоба өз жұмысын бастады. Бұл жобаны жүзеге асыруда мектептің барлық шаңырақтары, ата-аналар, педагогтар мен қосымша білім беру педагогтары белсенді көмек көрсетеді.

Әр аптаның сенбі күндері мектепте зейнеткер аталар мен әжелерге арналған тақырыптық кездесулер өткізіледі. Тақырыптық кездесулерде оқушылар түрлі шеберлік сағаттарын, зияткерлік ойындар, оқырмандар клубын, би кештерін т.б. шараларды ұйымдастырады.

«Ұрпақтар сабактастыры» жобасы мектепте екі ұрпақтың сабактастыры үшін тұрақты платформа құруға мүмкіндік берді. Жоба аясында оқушылар қарым-қатынас тәжірибесін игерумен қатар, адамгершілік пен сыйластық тәжірибесінен өтті.

Қашықтықтан оқу кезінде оқушылар өз жұмыстарын онлайн режимінде жалғастырады. Қоғамға қызмет ету бойынша өткізілетін әлеуметтік жобаларды 7-11сынып оқушылары арасынан шыққан еріктілер ұйымдастырады.

- Балалар үйі тәрбиеленушілері мен ауыл мектептері оқушыларына арналған ағылшын тілінен онлайн сабактар;
- ДОС.kz жобасы негізінде еріктілерді оқыту;
- «Мен еріктімін» челленджі ;
- «Ұрпақтар сабактастыры» жобасы қатысуышыларына арналған қайырымдылық акциясы»;
- «100 күйдің тарихы» жобасы негізіндегі шығармашылық шеберлік сағаттары;
- «Қазақ әндері» жобасы аясындағы ән челлендждері;
- «Абайдың қара сөздері» эстафетасы, «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында пән мұғалімдерінің қатысуымен жасалған бейнебаян;
- «Менің өмірімде қолданатын мақал-мәтелдер» жобасы негізінде өткізілген таңғы жынындар, сайыстар;

- Readx конференциялар «Қандай кітапты сүйіп оқисын?» эстафетасы Назарбаев Зияткерлік мектептері ұсынған «100 кітап» жобасы аясында;
- шаңырақ сағаттары, «Жыл Шаңырағы» сайысының қорытындысы;
- TEDx-конференциясы «Толеранттылық – әлемге ашық жол»;
- WikiContest, WikiCamp Клуба NIS WIKIPEDIA сайысы, клуб көшбасшыларының шеберлік сағаттары.

Қоғамға қызмет етуге бағытталған мектептің әлеуметтік жобалары оқушылардың әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілігін қалыптастырудың негізгі нысаны болды.

5 ТАРАУ. Оқушыларға кәсіби бағдар беру

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмысы 7-12 сыныптарда жүргізіледі.

Жұмыстың мақсаты – әрбір оқушының жеке қызығушылықтыларын, оқу жетістіктерін ескере отырып, саналы түрде болашақты жоспарлауға және кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындау, сонымен қатар оқушылардың мамандық таңдауға психологиялық дайындығын қалыптастыру.

Кәсіби бағдар беру жұмысы – кәсіби бағдар беру кеңесшісі педагог-ұйымдастырушы-кураторлар, мұғалімдер, педагог-кітапханашилар, педагог-психологтармен бірге жүзеге асырылатын, оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені.

7-сыныптан бастап педагог-психологтар оқушылардың мотивтерін, құндылықтарын, қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерттеуге көмектесетін психологиялық диагностикалық тесттерді өткізеді. Кейіннен алынған нәтижелерді пән мұғалімдері, кәсіби бағдар беру кеңесшілері пайдаланады. Қажет болған жағдайда нәтижелер болашақ балаларына мамандығын таңдауға көмектесу үшін ата-аналарға да беріледі.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған «Ата-ана жұмыс орнындағы 10 күн», «Ата-ана жұмыс орнындағы 1 күн», «Тұған елге тағзыым» әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер арқылы оқушыларда кәсіби ниеті қалыптасады. Оқушылар теорияны практикамен байланыстыруды үйренеді, белгілі бір мамандықта қандай қасиеттерге ие болу керектігін түсінеді, жұмыс сәттерінің қалай өтетінін көре алады.

Оқушылардың кәсіп пен мамандық таңдауына көмектесу мақсатында еліміздегі және шетелдегі жоғары оқу орындарымен кәсіптік бағдар беру кездесулері де жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Оқушылар білім көрмелері мен университет жәрмеңкелеріне қатысады. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары, Назарбаев Университетінің студенттері және мектептің «NIS Alumni түлектер қауымдастығы» мүшелерімен кездесулер мен әңгімелер жүргізіледі.

Кәсіби бағдар беру кеңесшілері оқушылар мен ата-аналарға кездесулер мен кеңестер өткізеді. Кездесулерде сұранысқа ие мамандықтар, еңбек нарығы, ЖОО-ға тұсу, соның ішінде гранттар алу және NIS-Programme білім беру бағдарламасының және 12-сынып бітірушілер сертификатының артықшылықтары туралы ақпарат беріледі. Сондай-ақ, кеңесшілер шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындарына құжаттарды тапсыруға көмек көрсетеді.

6 ТАРАУ. Мектеп кітапханасы

Мектеп кітапханасы мектептің оқу-тәрбие процесінде маңызды орын алады. Оқушыларды кітап оқуға баулу және ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, кітапхана олардың әлеуметтік-мәдени ортаға енуіне ықпал етеді және қалыптасып келе жатқан тұлғаның әлеуметтік қамтамасыз етілу деңгейін арттырады. Педагог-кітапханашы, пән мұғалімдері және педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың белсенді ынтымақтастығы оқушылардың зейіндерін басты нәрсеге аударып, ой-өрістерін дамытуға, материалды қабылдау мен есте сақтауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Мектеп кітапханасы қандай дағдыларды дамытады?

Мектеп кітапханасы қызметінің негізгі бағыттары оқушылардың функционалдық және ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру, оқу сауаттылығы мен зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Кітапхана оқушыларға қандай ресурстар мен мүмкіндіктер ұсынады?

Зияткерлік мектептердегі кітапханалар жұмыстың жеке және топтық түріне, зерттеу және жобалық жұмыстарды жүргізуге ықпал ететін функционалды аймақтарға бөлінген. Оқушылар кітапхананың кеңістігін ноутбукпен жұмыс істеп, пән мұғалімдері және сыныптастарымен кездесіп, сабактарға дайындалып және т.б. үшін пайдалана алады.

Кітапхананың кітап қорында оқушыларға көркем және ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер, өзін-өзі дамыту және жылдам оқу, халықаралық емтихандарға дайындық бойынша қосымша әдебиеттер, сөздіктер мен энциклопедиялар қолжетімді.

Педагог-кітапханашылар қандай жұмыс атқарады?

Педагог-кітапханашылар кітапхана сабактарын өткізу арқылы оқушыларды ақпарат іздеу және онымен жұмыс істеу әдістеріне, сенімді дереккөздерді анықтауға, академиялық адалдықты сақтау ережелерін орындауға үйретеді.

Сонымен қатар, педагог-кітапханашылар оқушыларды кітап қорымен, жаңа әдебиеттердің түсімен, жобалармен таныстыру, олардың оқу сауаттылығын қалыптастыру және сөздік қорын байыту мақсатында интерактивті ойындар өткізеді.

Кітапханада қандай клубтар жұмыс істейді?

Кітапханада әр түрлі сынып оқушыларынан тұратын «Волонтерлар клубы» жұмыс жасайды. Клубқа қатысушылар оқудан бос уақытта өз құрдастарына кітап қорымен және әдебиетті орналастыру қағидаттарымен таныуға көмектеседі, кітапхананы пайдалану ережелері туралы ақпараттандыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырады. Волонтерлар жобаларды ұйымдастырып, оларды жарнамалауға жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда «ескі» кітаптарға екінші өмір береді, кітапхананың белсенді оқырмандары бола түрып, кітапхана қызметкерлеріне іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі.

«Отбасылық оқу» клубы балаларды ерте жастан оқуға тартуға, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, функционалдық және оқу сауаттылығын қалыптастыруға, жан-жақты дамыған шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға, патриоттық тәрбиеге, мектеп пен ата-аналар, кітапхана мен оқушылар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Қатысушылар қызықты кітаптар оқып, танымдық және дамытушылық ойындар ойнап, бірге қызықты да пайдалы уақыт өткізеді.

«Интерактивті оқу» немесе иллюстрацияланған кітаптармен жұмыс – бұл дауыстап оқу, шығармаларды талқылау, жеке және топтық тапсырмаларды орындау. Клубтың мақсаты – оқушылышының кітапқа деген қызығушылықтарын ояту ғана емес, сонымен қатар олардың тілдік дағдыларын қалыптастыру, өз ойларын жеткізу, көпшілік алдын-

да сөйлеу дағдыларын арту, сөздік қорын толықтыру, бастауыш сынып оқушыларының оқығанын талдау дағдыларын дамыту. Педагог-кітапханашылар әрбір кездесуге әдебиеттерді таңдап, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып жұмыс параптаратын дайындайды.

Мектеп кітапханасы аясында қандай жобалар жүзеге асырылуда?

«Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасы - кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға, тұрақты оқу дағдыларын тәрбиелеуге, оқу сауаттылығы мен талғамын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етуге бағытталған негізгі жобалардың бірі. Жоба тізіміне қазақ классикасының 60 танымал туындысы мен әлем әдебиетінің 40 жауһары туындысы (шетелдік және орыс классикасы) енген. Жоба үш тілде оқытуды қолдауға, өз халқының тарихын, мәдениетін зерделеуге және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әдебиетті оқу арқылы басқа мәдениетке төзімділікті тәрбиелеуге бағытталған.

Осы жоба үшін шығармалардың тізімін жасау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріледі.

Жобаны насиҳаттау педагог-кітапханашылар өткізетін түрлі іс-шаралар мен кітапханалық сабактар: акциялар мен жобалар, оқу клубтары, интерактивті ойындар, викториналар, мектеп театрларының қойылымдары арқылы жүзеге асырылады.

Буккроссинг жобасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Тәуелсіздік күні мерекелері қарсаңында өткізілетін жалпы білім беретін мектептердің кітапханаларына бүкіл мектеп қауымының оқылған кітаптарын сыйға тартудың жыл сайынғы әлеуметтік акциясы. Жобаның мақсаты – кітап оқуды насиҳаттау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітап оқуға деген қызығушылықты жаңдандыру. Бір айдың ішінде әрбір оқушы, мұғалім, мектеп қызметкери үйден өздерімен бөліскісі келетін қызықты кітап әкеледі.

READx жобасы – бірнеше спикердің қызықты сөздерін біріктіретін, сол арқылы оқырмандардың назарын оқу тақырыбының өзектілігіне аударатын, кітап оқу мәдениетіне деген сүйіспеншілікті оятатын жоба. Спикерлердің мақсаты – тыңдаушыларды кітапқа, шығармаға қызықтыру.

«Оқу сағаты» – мектеп қоғамдастыры арасында кітап оқуды насиҳаттау, оқу құзыреттілігін дамыту, ойлау қабілетін, ақпараттық және функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында іске асырылатын жоба. Жоба аясында белгілі бір уақытта барлық мектеп оқушылары, мұғалімдері мен қызметкерлері кітап оқиды.

«Book start», немесе «Кітаппен бастаймыз» жобасының маңызды сәті – оқушыларды тәрбиелеу, отбасылық құндылықтарды дарыту, ерте жастан оқуға тарту болып табылады. Бұл акция Аналар үйімен бірлесіп өткізіледі. Педагог-кітапханашылар оқушылармен бірге Аналар үйіне шығып, кішкентай балаларға сыйлық ретінде кітап табыстайды.

Оқушыларға білім беру үшін қандай ресурстар бар?

Зияткерлік мектептердің кітапханаларындағы кітап қоры бүгінгі таңда қазақ, орыс, ағылшын, француз, неміс, қытай, корей тілдеріндегі оқу-әдістемелік, көркем, ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттерден тұрады.

Кітапхананың мол кітап қорына қоса, оқушылар, ата-аналары және мұғалімдер он-лайн білім беру ресурстарын қолдана алады.

- www.kitap.kz – қазақ және әлем әдебиетінің үздік туындыларын оқып, тыңдауға мүмкіндік беретін ауқымды онлайн-платформасы.

- <https://www.adebiportal.kz> – 3899 электрондық кітап орналасқан портал. Порталда 3301 авторлардың жеке параптараты ашылған. Сондай-ақ, 300-ге жуық кітаптың қысқаша мазмұны, әдеби тақырыптағы 800-ден астам аудио және видео жазбалар бар. Порталда әлем әдебиетіне қатысты жаңалықтар, жазушылармен және ақындар-

мен сұхбаттары мен олардың шығармалары орналастырылады.

- <https://www.e-history.kz> - «Қазақстан тарихы» анықтамалық ақпараттық-білім беру порталы жаңа технологиялар мен тарих саласындағы эксклюзивті ақпараттың бірегей үйлесімі болып табылады. Порталдың көптілділігі басты артықшылығы болып табылады, ақпаратты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде алуға болады.
- <https://ru.khanacademy.org/> - практикалық жаттығулар, оқу бейнелер және жеке басқару тақтасы бар портал. Порталда математика, химия, биология, физика, бағдарламалау, дүние жүзі тарихы, сондай-ақ өнер тарихы, экономика және басқа да көpte-ген пәндер бойынша курстар бар.
- <https://www.britannica.com/> - сенімді, жанды және өзекті мектеп бағдарламалары, сонымен қатар тіл мен ғылым, тарих, өнер және т.б. пәндер бойынша сенімді ақпаратқа толы портал. Зерттеу дағдыларын дамытуға және жаһандық азаматтық қыптал ету, мектеп қоғамдастығын академиялық және сенімді ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында порталда ақылы қазақстандық және халықаралық дереккорларға жазылымдар алынды.
- www.bilimland.kz порталында 40 000-нан астам интерактивті сабактар, сондай-ақ физика, математика, химия, биология және география пәндерінен виртуалды зертханалар бар. Ресурстар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қолжетімді, олар оқуды қызықты әрі тиімді етуге көмектеседі.
- www.twig-bilim.kz – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде математика, физика, химия, география, биология және жер туралы ғылым бойынша 2000-нан астам қысқа оқыту фильмдері мен интерактивті тапсырмалардан тұрады. Twig фильмдері BBC, NASA, Associated Press және NHK әлемдік студияларының мұрағаттары негізінде жасалған. Портал материалдары күрделі құбылыстар мен ұғымдарды қарапайым тілмен, қызықты мысалдар көлтіріп түсіндіреді.
- www.nis-kz.libguides.com – бұл бүкіл әлем бойынша мындаған кітапханаларда орналастырылған контентті басқарудың қарапайым жүйесі. Ол білім жинау және ақпарат алмасу, оқу және тақырыптық ресурстарды ұйымдастыру үшін қолданылады. LibGuides платформасында барлық мектеп пәндері бойынша ақпараттық нұсқаулықтар, Зияткерлік мектептердегі Олимпиадалық қозғалыстың материалдары, ата-аналярға арналған тәрбие туралы пайдалы сілтемелер мен кітаптар, және т.б. мәліметтер орналасқан. Порталдың барлық материалдарын көруге және жүктеуге болады.
- www.gale.com – студенттердің жобалық жұмыстарына қажетті 1 миллионға жуық газет-журналдар, ғылыми журналдар орналасқан халықаралық деректер базасы. Бұл база Steam (ғылым, технология, инженерия, математика), адам анатомиясы, химия бойынша интерактивті өнімдерді қамтиды. Сондай-ақ, деректер базасында электронды кітаптарды оқуға және жүктеуге болады.

7 ТАРАУ. Жатақхана

Зияткерлік мектеп оқушыларының тәулік бойы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайтын, жеке жатақханасы бар.

Заманауи жатақхана ғимараты жылы түстермен безендірілген, мектептің жобалық қуатына негізделген балалар санына арналған ыңғайлыш жаңа дизайндеңі жиһаздары бар бөлмелерден тұрады.

Жатақханада жаттығу залы, демалуға арналған рекреация, туыстардың келуіне арналған бөлмелер, медициналық кабинет және кір жуу кешені бар.

Күн тәртібі мен сабақ кестесіне қарай оқушыларды мектеп асханасында 5 мәрте та мақтандыру үйімдастырылған. Диеталық мейіргер оқушылар үшін дұрыс тенденстірілген тамақтануды үйімдастыру мен дайындауды бақылауды жүзеге асырады.

Жатақхана жұмысындағы негізгі басымдылық – қауіпсіз өмірді қамтамасыз ету. Жатақханада тәулік бойы тәрбиешілердің көмекшілері және күзет қызметкерлері кезекшілік етеді.



Жатақханадағы жұмыстың негізгі ұстанымы - тәрбиеленушілерге жайлы өмір сүру жағдайларын жасау.

Жатақханада өткізілетін тәрбие үрдісінің мақсаты бәсекеге қабілетті, прагматикалық, құшті, креативті, патриот және белсенді тұлғаның қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау.

Жатақханада тұратын тәрбиеленушілердің жеке тұлға ретінде қалыптасуында шешуші рөлді тәрбиеші мен тәрбиешінің көмекшісі атқарады.

Тәрбиешілер мен олардың көмекшілерінің жұмысы жатақхана менгерушісі мен мектеп директорының жетекшілік ететін орынбасарымен келісілген және бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады, онда жатақханадағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, формалары мен әдістері айқындалады.

Тәрбиешілер мен олардың көмекшілері өз қызметінде мектеп әкімшілігімен, пән мұғалімдерімен, кураторлық және психологиялық қызметкерлермен, қосымша білім беру мұғалімдері және педагог-кітапханашылармен мектептің миссиясы мен даму бағытын басымдыққа ала отырып, ортақ педагогикалық талаптар мен көзқарастар негізінде білім беру процесінде өзара әрекеттеседі.

8 ТАРАУ. Үнталандыру саясаты

Мектеп прогресс пен жетістікке деген мінез-құлышты үнталандыру арқылы оқушылардың жеке әлеуетін қолдау саясатын жүзеге асырады. Оқушылардың жетістіктерін бағалау мен олардың жетістіктерін бүкіл мектеп қауымдастыры болып бағалайтын және марапаттайтын достық мәдениетті қалыптастыру үшін Үнталандыру комитеті құрылды. Үнталандыру комитеті құрамына директордың орынбасарлары, кураторлар, оқушылар, ата-аналар кіреді, комитет төрағасы – мектеп директоры.

Әр тоқсан соңында келесі номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтау үшін Үнталандыру комитетінің отырысы болады: «Тоқсан оқушысы», «Жыл оқушысы», «Тоқсан сыныбы», «Жыл сыныбы», «Тоқсан шаңырағы», «Жыл шаңырағы».

Үнталандыру түрлері

- 1) алғыс жариялау;
- 2) мақтау қағазы, құрмет грамоталарымен марапаттау;
- 3) «Жыл оқушысы» атағын беру;
- 5) «Жыл шаңырағы» атағын беру;
- 4) ДББҰ Интернет-ресурсында, бұқаралық ақпарат құралдарында марапаттау тұралы ақпаратты жариялау.

Зияткерлік мектеп оқушыларының үнталандыру мәселелерін Үнталандыру комиссиясы үйлестіреді.

Оқушыларды марапаттау үшін салтанатты жиындар мен форумдар өткізіледі. Оқушыларды академиялық, спорттық, мәдени салалардағы жетістіктері, сынып пен мектептің қоғамдық өміріндегі белсенділігі, қоғамдық белсенділігі үшін мадақтайды.

9 ТАРАУ. Оқушыларға арналған тәртіп ережелері

Зияткерлік мектептің оқушылары жауапкершілігі мол, мәдениетті және парасаттылықтың үлгісі болуы керек. Бұл білім беру бағдарламаларын игеру және мектепшілік нормаларды сақтау арқылы қалыптасады. Оқушылардан күтілетін мінез-құлық нормалары «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының ішкі тәртіп ережелерінде» баяндалған және оқушылар оларды сақтауы тиіс.

1. Оқушылардың сырт келбеті қоғамдағы жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стилінің стандарттарына сәйкес келуі және оғаш детальдар болмауы тиіс:
 - ұлдар үшін (жігіттерге) – қысқа классикалық немесе модельді шаш үлгісі;
 - қыздар үшін – ұзын шаш жиналуы керек, орташа шаш түйреуіштермен жиналуы керек.
2. ұлдар үшін (жігіттерге) – қысқа классикалық немесе модельді шаш үлгісі;
3. қыздар үшін – ұзын шаш жиналуы керек, орташа шаш түйреуіштермен жиналуы керек.
 - форма стилі - классикалық;
 - бірыңғай мектеп формасы құнделікті және спорттық формаларға бөлінеді;
 - құнделікті мектеп формасы ақ-көгілдір спектрлі бір түсті классикалық жейдемен жиынтықта киіледі;
 - спорттық форма тек дene шынықтыру сабактарында, спорттық үйірмелер мен секцияларда, туристік жорықтарда киуге арналған.
4. Зияткерлік мектептердің оқушыларына мектеп формасынсыз сабакқа келуге тыйым салынады.
5. Ауыстырылатын аяқ киім қажет.
6. Дене шынықтыру сабағында және спорт секцияларында студенттер спорттық формада болуы керек.
7. Мектеп формасын киген кезде мына жайттарға жол берілмейді:
 - 1) Ауыстыратын 2-ші аяқ киімге арты ашық (сүйретпе аяқ киім, «сланцы» т.б.), кроссовка, кеда, 4,5 см биік өкшелі аяқ киім және діни сипаттағы киімдерді киуге (хиджаб, никаб, бурка, паранджа, сик тюрбандары мен иудей қалпақтары, «ірі» христиандық кресттер т.б.), кейбір дene мүшелерін ашып жүргүре (кіндік, бел, кеуде) тыйым салынады;
 - 2) Көзге кедергі жасайтын кекілмен жүргүре, сонымен қатар «панки», «афроөрім», өрімдер, ұлдар үшін мұрт пен сақал жіберуге, шашты жарқын түстерге бояу, жарқын түсті косметика пайдалануға, татуировка, көлемді әшекей бұйымдарын тағуға, пирсинг, ашық түсті маникюр.
8. Оқушылар мектепке сабак басталудан 15 минут бұрын келуге міндетті; оқушылар ұқыпты таза мектеп формасында болуы тиіс, сыртқы киімдерін өздерінің арнайы шкафттарына қалдырып, екінші (ауысым) аяқ киім киоі қажет.
9. Оқу процесіне қатысы жоқ заттарды мектепке әкелуге жол берілмейді.
10. Оқушылардың сабактан кейін үйге қайтуы куратордың ұйымдастыруымен іске асырылады.
11. Оқушылар сабак уақытын тек оқу мақсатына пайдалану керек. Сабак кезінде дауыс көтеруге, өзін алаңдатуға және басқаларды сөйлеумен алаңдатуға, ойнауға және сабакқа қатысы жоқ басқа жұмыстарға жол берілмейді.

12. Ұялы телефондардың және оқу процесіне қатысы жоқ басқа құрылғылардың қызметтерін бүкіл оқу күні, яғни 8.00-ден 17.00-ге дейін пайдалануға тыйым салынады.
13. Себепті сабақтан қалудың дәлелдеуі:
 - 1) оқушының ауырып қалуы;
 - 2) дәрігерге көріну (анықтаманы көрсету);
 - 3) отбасы жағдайына байланысты оқу жылында 10 қүннен көп емес сабақтан қалу үшін жазбаша түрде заньды тұлғалардың өтінішін алу қажет және Зияткерлік мектеп директорының келісімімен бүйрек шығады.
 - 4) оқу процесінің мүддесі үшін өткізілетін пәндік олимпиадаларға, конкурстарға және басқа да шараларға қатысу;
 - 5) мектептен тыс ұйымдардың пәндік олимпиадаларға, конкурстарға және басқа да іс-шараларға қатысуға өтінімі.

10 ТАРАУ. Гранттан айырылу тәртібі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру үйімдарында дарынды балаларды оқытуға ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының «Әркен» білім беру гранты тағайындалуы мен мөлшері 2009 жылғы 14 наурызда № 317 Ережесінің 18-тармағына сәйкес грант иегері келесі жағдайларда гранттан айырылады: мектептің ішкі ережелерін бұзғаны үшін, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін, қылмыстық жазаланатын құқық бұзушылық жасағаны үшін, 10 күннен артық себепсіз сабак босатқаны үшін*, толық оқу жылын бір пәннен «қанағаттанарлықсыз» немесе үш пәннен «қанағаттанарлық» бағамен аяқтағаны үшін, оқушының өз өтініші бойынша, басқа оқу орнына ауысу үшін, басқа мектепке ауысады қоспағанда. Оқушыны оқудан шығару педагогикалық кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту: * дәлелді себептерге аурұ, жақын туыстарының қайтыс болуы, күтпеген оқыс жағдайлары (форс-мажор), уәкілетті органның «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімінен қолдауымен өткізілетін оқушыларға арналған халықаралық алмасу бағдарламалары бойынша оқыту жатады.

11 ТАРАУ. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері

Оқушы мыналарға құқылы:

- 1) Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламаларына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) кемсіту, қысымшылық, қорлау және төзімсіздік, қауіпсіз және жайлы білім беру ортасында білім алуға;
- 3) оқу үдерісі туралы, соның ішінде оқу жетістіктері туралы ақпарат алуға;
- 4) мектептің өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 5) ақпараттық ресурстарды, спорттық, оқу залдарын, акт залдарын, компьютерлік сыйыптарды және кітапханаларды еркін пайдалануға, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарымен қамтамасыз етуге;
- 6) білім беру және шығармашылық қызметтегі жетістіктерге қолдау көрсетуге;
- 7) сабак арасындағы және каникулдық демалыстарға;
- 8) мектепте өткізілетін әлективті курстар туралы ақпарат алуға және пәндерді тандауға қатысу мүмкіндігіне;
- 9) мектеп мамандарының әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және медициналық көмегін алуға;
- 10) белгіленген тәртіппен бір Зияткерлік мектептен екіншісіне аудиоға;
- 11) осы Ереженің мәтінін алуға;
- 12) оларды жүргізу тәртібімен танысу және оларды бұзғаны үшін тәртіптік шаралар қолдану шараларымен танысуға құқылы;
- 13) Ережені бұзды деп негізсіз айыптаудан қорғау және дәлелдемелерді ұсынуға.

Оқушылар міндетті:

- 1) оқу үрдісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы Ереженің, Қауымдастық Жарғысының, Мектеп туралы ереженің, мектеп педагогикалық кеңестің және мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару органдарының шешімдерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін және әкімшілік пен мұғалімдердің талаптарын сақтауға;
- 2) білім беру үдерісінің тәртібіне сәйкес мектепке баруға және негізсіз, себепсіз сабакты жібермеуге;
- 3) мектептің білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес өзінің білімі, дағдылары, практикалық дағдылары мен құзыреттіліктеріне ие болуға;
- 4) Зияткерлік мектептердің оқушыларының академиялық адалдық Ережесін сақтау;
- 5) оқушылармен, әкімшілікпен, педагогикалық қызметкерлермен және оларға теңестірілген тұлғалармен, мектептің басқа қызметкерлерімен сыпайы және адаптация болуға;
- 6) занды өкілдеріне академиялық үлгерімі, мінез-құлқы, сабактан тыс іс-шараларды ұйымдастыру туралы үнемі хабарлауға;
- 7) басқа оқушылардың қадір-қасиетін және тең құқықтарын құрметтеуге, өзге тұлғалардың құқықтарын бұзатын немесе бұзатын әрекеттерден аулақ болуға;
- 8) мектеп белгілеген бірыңғай мектеп формасын киоді, сырт келбетіне қарауға;
- 9) өз деңсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық сауықтыруға ұмтылуға;
- 10) мектептің мүлкіне қамқорлық жасау, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету; оқулықтар мен оқу құралдарын, жабдықтарды (музыкалық аспаптарды, техникалық құралдарды) жақсы тәртіpte ұстау, оқу орнында тазалықты сақтауға;

11) оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығы мен әл-ауқатына қатер төндіретін жағдайларды әкімшілік, мұғалім, куратор назарына жеткізуге.

Мектепте оқу үдерісін жүргізуге қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін оқушыларға мына жағдайларға тыйым салынады:

1) куратор рұқсатынсыз өздерімен бірге рұқсат етілмеген адамдарды әкелуге және шақыруға;

2) Осы Ережеде көрсетілген классикалық киім үлгісіне сай келмейтін, кірлеген, қыртыс киімде келуге, әр түрлі фан-қозғалыстарды, партияларды, діни бағыттарды насиҳаттауға;

3) Мектепте және мектептен тыс аумақта темекі, ішімдік өнімдерін (оның ішінде сыра, джин-тоник, қуаттандырыш сусындар, т.б.), есірткі, психотроптық және токсинді заттарды, әдепсіз сөздерді қолдануға болмайды;

4) құмар ойындар ойнауға (оның ішінде карта), сауда-саттық сипаттағы әрекеттерді жүргізуғе;

5) қару алып келуге, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, отқа қауіпті, тесетін, кесетін заттар, темекі өнімдері, ішімдік өнімдерін, есірткі, токсинді және улы заттар, жануарлар, жәндіктерді және оқу процесіне қатысы жоқ заттарды әкелуге;

6) 5 АЕК қымбат бағалы заттарды алып келуге (электронды және мобиЛЬДІ аппаратты, ноутбук, айпад, макбук, фото және видеокамералар, құнды заттар, көлемді ақша сомасын, т.б);

Зияткерлік мектеп жоғалған қымбат заттарға жауапкершілік алмайды.

12 ТАРАУ. Оқушыларды қолдау әдістері

Ата-ана жасауы керек маңызды істер:

- Білім алуда балаға қажетті көмек көрсету.
- Баланың оқу үлгерім нәтижелерін қадағалап отыру.
- Мұғалімдермен сенімді қарым-қатынас орнату және олармен оқу нәтижелері туралы үнемі сөйлесіп отыру.
- Мектепте өткізілетін іс-шараларға қатысу (оқу семинары, тренингтер, бағалау бойынша кеңестер және т.б)

Балалармен жақсы қарым-қатынас орнату үшін ата-аналарға тәмендеғідей кеңестер беріледі:

- Тоқсанына кемінде 1 рет мектептің іс-шараларына қатысу;
- Жылына кемінде 3 рет баланы театр, мұражайға апару;
- Жылына кемінде 1 рет баламен табиғат аясындағы саяхаттарға шығу;
- Жылына кемінде баламен бірге 2 кітап оқып, талқылау және т.б.;
- Айына кемінде 1 рет баламен бірге демалыс күндерін ұйымдастыру;
- Жылына кемінде 1 рет баламен бірге сәбілер үйіне, қарттар үйіне бару және т.б.;
- Жылына кемінде 1 рет баламен бірге сенбілік, аула тазарту жұмыстарын ұйымдастырып отыру;
- Ата-аналық дағдыны дамытуға арналған бағдарламаларға қатысу («Берік отбасы», «Құбылмалы әлемдегі мектеп және отбасы» және т.б.);
- Балаларды тәрбиелеу мәселелеріне қатысты ата-аналарды сүйемелдеу бойынша вебинарларға қатысу ұсынылады.

Баланың құқықтарын қорғау мен сақтау бойынша мектеп тәмендеғідей саясатты ұстанады:

- білім алушының соматикалық, жүйке-жүйесінің денсаулығына қатысты жағдайларды шешу, мектеп пен отбасының, басқа да медициналық әлеуметтік мекемелердің бірлесіп жасайтын әрекеттерін талқылау мен қамтамасыз ету мақсатында ата-анасының немесе балаға жауапты заңды тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумдарға қатысуы міндетті.
- жасөспірімдік шақтағы деструктивті / аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша жыл сайынғы ұйымдастырылатын ата-аналар жиналысына ата-анасының немесе балаға жауапты заңды тұлғаның қатысуы міндетті.
- отбасындағы қолайсыз жағдайлардың салдарына байланысты бала мектепке дұрыс бейімделе алмаса, баланың бойында эмоционалдық қолайсыздық пайда болса, ата-ана баласымен бірге мектептің педагог-психологы маманынан психологиялық кеңес алуға, психологиялық түзету жұмыстарынан өтүге міндетті.
- мектеп қызметкерлері баланың бойынан зорлық-зомбылық әрекеттерін байқаған жағдайда, ата-анасын ескертпей-ақ, мектеп әкімшілігіне хабар береді, ал мектеп әкімшілігі ҚР заңнамасына сәйкес, әлеуметтік, құқық қорғау органдарына ақпарат беруге құқылы.

- мектеп аумағында Зияткерлік мектеп оқушыларының қатысусымен құқық бұзушылық әрекеттері болған жағдайда (төбелес, ұрлық, спирттік сусындарды пайдалану, наркотикалық заттарды тарату) мектеп әкімшілігі ҚР заңнамасына сәйкес болған жәйт туралы құқық қорғау органдарына хабар беруге құқылы.
- НЗМ ДББҰ сайтындағы Зияткерлік мектептер мен бала үшін жауапты занұды тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін барлық нормативті-құқықтық құжаттармен танысу қажет.

13 ТАРАУ. Ата-ана міндеттері

Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ішкі ережелеріне сәйкес, Зияткерлік мектептер оқушыларының ата-аналары келесі талаптарға сай болуы керек:

1. Балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың тікелей құқығы және міндеті (ҚР Конституциясының 27-бабы).
 - 2. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес:
 - Ата-ана баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті;
 - Ата-ана баласын тәрбиелеуге құқылы және міндетті;
 - Ата-ананың баласын тәрбиелеуге деген құқығы басқа тұлғаларға қарағанда басым;
 - Баланы тәрбиелеп отырған ата-ана оның физикалық, психикалық, моральдық және рухани дамуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге жауапты;
 - Ата-аналар баланың міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті;
 - Ата-аналар баланың пікірін ескере отырып, жалпы орта білім алғанға дейін баланың білім беру үйімі мен оқу әдісін таңдауға құқылы;
 - Баланы тәрбиелеу мен білім беруге байланысты барлық мәселелерді ата-аналар баланың мүдделеріне сүйене отырып және оның пікірін ескере отырып, өзара келісім бойынша шешеді. Ата-аналар, олардың арасындағы келіспеушіліктер болған кезде, осы келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаныс немесе қамқорлық функцияларын жүзеге асыратын органға немесе сотқа жүгінуге құқылы («Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 70-бабы).
 - 3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес ата-аналар мен басқа да заңды өкілдер міндетті:
 - 1) балалардың өмір сүруі және оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, олардың интеллектуалды және физикалық құштерін, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;
 - 2) балаларды жалпы білім беретін мектептерге орналастырумен мектепке дейінгі дайындықты қамтамасыз етуге;
 - 3) білім беру үйімінің жарғысында айқындалған ережелерді сақтауға;
 - 4) балаларды оқу орнындағы сабакқа қатысуын қамтамасыз етуге;
 - 5) білім беру үйімдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
 - 6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
 - 7) білім беру үйімі белгілеген киім үлгісінің талаптарын сақтауға (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-бабы).
 - 4. ДББҰ Басқармасының 2015 жылты 11 ақпандағы шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары үшін ішкі тәртіп қағидаларына сәйкес заңды өкілдерінің келесі құқықтары бар:
 - 1) мектептің өзін-өзі басқару органдарының, білім беру процесінің жұмысына қатысуға;
 - 2) зияткерлік мектептің жұмысын жақсарту туралы ұсыныстар енгізуге;
 - 3) оқушының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайы туралы ақпарат алуға;

- 4) оқушының мүддесі мен құқықтарын қорғауға;
- 5) оқушыны басқа мектепке ауыстыруға;
- 6) шарт негізінде оқушыларға арналған қосымша білім беру қызметтерін алуға.

Сондай-ақ, заңды өкілдер міндетті:

- 1) осы қағидаларды сақтауға және ДББҰ Жарғысымен, Зияткерлік мектеп ережесімен белгіленген талаптарды орындауға;
- 2) оқушыны оқыту мен тәрбиелеуде Зияткерлік мектепке жәрдемдесуге;
- 3) оқушының денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасауға, оны жаман әдеттерден қорғауға;
- 4) оқушының өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, оның зияткерлік және дene мүмкіндіктерін дамытуды, адамгершілік түрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 5) оқу аптасының әр күніне арналған сабак кестесін және оқушының оқу жүктемесін білуғе;
- 6) сабак басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын оқушының мектепке уақытылы келуін қамтамасыз етуге;
- 7) оқушының мектепке оқу процесіне қатысы жоқ заттарды әкелмеуін қадағалауға;
- 8) сабак кезінде ұялы телефон арқылы қоңырау шалу арқылы оқушыны мазаламауға;
- 9) оқушылардың Зияткерлік мектепте сабакқа қатысуын қамтамасыз етуге, сабакты дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Өткізілген күндері оқушылардың бағдарламалық оқу материалының өтуін бақылауды жүзеге асыру;
- 10) ата-аналар жиналыстарына қатысуға және әр тоқсан сайын оқушының үлгерім табелінде өз қолын қоюға;
- 11) оқушының кураторымен байланыста болу, берілген мәліметтер бойынша оқушының оқу жетістіктері туралы ақпаратты апта сайын Біріңғай ақпараттық-білім беру ортасында тексеру. Куратормен электрондық пошта, ұялы байланыс арқылы сөйлескен кезде жауап жіберу арқылы оқушыға қатысты ақпарат алғандығын растауға;
- 12) алдын ала келісім бойынша және сабактан тыс уақытта педагог қызметкерлермен және куратормен кездесуге;
- 13) міндетті профилактикалық егулерден бас тартқан жағдайда оқушы мектептің медициналық кабинетіне медициналық бас тарту туралы құжатты немесе Зияткерлік мектеп директорының атына профилактикалық егулерден жазбаша бас тартуды ұсынуға міндетті;
- 14) Зияткерлік мектептің дәстүрлері мен беделін сақтауға;
- 15) Зияткерлік мектептің педагогикалық және басқа да қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 16) Зияткерлік мектепке, мектеп қоғамдастырының мүшелеріне, өзге де жеке және заңды тұлғаларға оқушының іс-әрекеттерінен келтірілген залалды өтеуге;
- 17) Зияткерлік мектепке іргелес аумақта жол жүру ережелерін сақтауға, Зияткерлік мектеп аумағына кіре берісте көлік тұрағын жүргізбеуге;
- 18) оқушы елеулі немесе ауыр түрдегі бұзушылықтар жасаған жағдайда зардап шешушілерден ауызша немесе жазбаша нысанда кешірім сұрауға міндетті.
- 19) оқушылардың «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ белгілеген мектеп формасын киоін қамтамасыз етуге.

Қорытынды

Білім беруді жетілдіру ата-аналардың, мұғалімдер мен оқушылардың ынтымақтастығы процесінде қол жеткізіледі. Сәттілікке жету үшін барлық қатысушылардың ынтымақтастығы өте маңызды. Бұл нұсқаулық Сіздің мектеп туралы көптеген сұрақтарының жауап береді деп үміттенеміз.

Алайда, нұсқаулықтың мазмұны мектепте болатын барлық іс-шараларды қамтымайды, мұнда тек көп тараған іс-шаралар ғана қамтылған. Егер сізде осы Нұсқаулықта жауап берілмеген сұрақтарының болса, мектеп әкімшілігіне хабарласыныз. Олар кез-келген туындаған сұрақ бойынша қажетті ақпаратты беруге бар күш-жігерін салады.

Мұқият танысқанының үшін рахмет!

Әдебиеттер тізімі

1. «Неке және отбасы туралы» ҚР Кодексі;
2. «Білім туралы» ҚР Заңы;
3. ДББҰ Басқармасының 2015 жылғы 11 ақпандағы шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі;
4. ДББҰ Басқармасының 2015 жылғы 11 ақпандағы шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушылардың академиялық адалдығын сақтау ережесі;
5. 2013 жылғы 29 тамыздағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйіміна оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру ережесі;
6. Назарбаев Зияткерлік мектептері жатақханаларының қызметін үйімдастырудың ережесі 2020 жылғы 11 маусымдағы № 23;
7. ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 16 тамыздағы шешімімен бекітілген НЗМ ата-аналар комитеті туралы үлгілік ереже;
8. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі филиалдарының оқушыларын қорғау саясаты» 2016 жылғы 18 мамырдағы №19;
9. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйіміның филиалдарындағы қауіпсіздік ережесі 2016 жылғы 3 мамырдағы №18;
10. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі ата-аналар университеті туралы ереже 2020 жылғы 11 маусымдағы № 23;
11. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру үйімдарында дарынды ба-лаштыру оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының «Өркен» білім беру грантын беру ережесі мен мөлшері (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 Қаулысы).
12. Қарағанды қ. ХББ НЗМ оқушыларының ата-аналарына арналған HANDBOOK;
13. Талдықорған қ. ФМБ НЗМ оқушыларына және ата-аналарына арналған жетекшілік кітапшасы.

АНЫҚТАМАЛЫҚ КІТАПША

*Назарбаев Зияткерлік мектептері
7 сынып оқуиыларының
ата-аналарына арналған*

Авторлары: Аманова Ж.Ш., Алтаев Ж.Т., Агадил А.Т., Акижанова Ж.Ж., Хамза Ф.М.
Редакторы: Можаевой О.

Аударғандар: Алтаев Ж., Арынбаева Ж., Жықбаева А., Құбайдолла С., Катанова Л.
Техникалық редакторы: Жапарова С.М.
Дизайнер-беттеуші: Турсбекова Д.К.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламалары
орталығының дизайны мен версткасы
store@nis.edu.kz

Басуға 17.08.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/8.
80 гр. қағазы. Қаріп түрі «Segoe UI». Сандық басылыш.
Шартты б.т. 6,51. Шартты бояулұ бет таңбасы 26,0. Есептік б.т. 3,5.
Таралымы _____ дана. Тапсырыс №_____.

010000, Нұр-Сұлтан қ., Хусейн бен Талал көшесі, 21/1 ғимараты,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ